


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Аликулова Нурлыгүл Сапаққызы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ТАРИХЫ
ПӘНІНЕН
ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ



Ақтөбе, 2020

ОӘЖ94(574)
А(44)

Баспаға Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен ұсынылған.

Автор:
Аликулова Нұрлыгүл Сапақызы, тарих ғылымдарының кандидаты

Пікір жазғандар:
*Төлепбергени Ж.Т., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
(М.Оспанов ат. Батыс Қазақстан медицина университеті)
Есқалиев С.А., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
(Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)*

Аликулова Н.С. "Қазақстанның жаңа замандағы тарихы" пәнінен дәрістер жинағы: – Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған құрал. – Ақтөбе: 2020.

Дәріс жинағы Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерінің бірі – Қазақстанның жаңа замандағы тарихына арналған. ХУІІІ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап ХХ ғ. басына дейінгі кезеңдегі Қазақстанның саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелері қарастырылған. Жинақ ЖОО-ны студенттеріне және тарих пәні мұғалімдеріне арналған.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде мақұлданып, баспаға ұсынылды. №4 хаттама. 16.01.2018 ж.

© Аликулова Нұрлыгүл Сапақызы, 2020

Алғысөз

«Қазақстанның жаңа замандағы тарихы» дәрістер жинағында ХҮІІІ ғасырдың басынан - ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы қазақ елінің тарихы туралы теориялық білім береді.

Аталмыш кезең – тарихи тұлға мен қоғам арасындағы және осы бір қайшылықты замандағы түрлі этникалық топтардың қалыптасуы мен тағдырының өзара күрделі байланыстарының көрінісі, көшпелі мемлекеттердің көрші империялардың үлкен саясатының құрбаны болғанының куәгері. Бұл кезең ұлттық мемлекетіміздің дамуы мен кейіннен дербестігінен айырылып отарлану проблемаларын студенттердің айқын тануына мүмкіндік береді.

Жинақта қазақ халқының тағдырының көрші елдер тарихының проблемаларымен сабақтастығы негізделеді. Соның ішінде Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы арасындағы тартысты қатынастар, қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының негізгі шайқастары жаңа зерттеулердегі фактілік материалдар мен жаңаша пайымдауларға сүйеніп беріледі. Ал Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы І Петрдің «шығыстық саясатындағы» Азияға енетін қақпа деп қарайтын жоспары тұрғысынан қарастырылғандығы және мұның шаруашылық және әскери – саяси отарлауға ұласуы қазақтардың мемлекеттілігінен айрылуына алып келгендігі тұрғысынан қорытылады. Кіші және Орта жүздің ішкі бытыраңқылық, рулық талас-тартыс пен билік үшін саяси күрес жағдайында Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болатынына көңіл бөлінді. Отарлану кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, ағартушылық пен миссионерлік, жаңамектеп жүйесінің қалыптасуы өзара байланыста қарастырылады. Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарының дамуы көрсетіледі. Біртіндеп жалпы Ресейлік рынокқа ену, Қазақстанның экономикалық жағынан игерілуі, сауда мен қатынас жолдарының салынуы және орыс мәдениетінің өлкеге таралуы қарастырылды.

Қазақстанның жаңа замандағы тарихы пәнінен дәрістер жинағы

Тапсырыс № 684

Таралымы 50 дана

«Шұғыл баспа орталығы» ЖШС

Ә. Молдағұлова данғылы, 33, каб. 102

Тел.: 8 (7132) 521-029, 412-230

E-mail: cop58@mail.ru

"Қазақстанның жаңа замандағы тарихы" пәнінен дәрістер

1-дәріс. ХҮІІІ – ХІХ ғ. басындағы Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректері

1. Қазақстанның жаңа замандағы тарихы мәселелері Отандық және орыс зерттеушілердің еңбектерінде зерттелуі.
2. Жаңа заман кезеңіндегі қазақ елінің тарихы шет ел тарихнамасында
3. Қазақстан тарихының ХҮІІІ – ХІХ ғ. басындағы қазақ деректері.

Тәуелсіз Қазақ елінің тарихындағы маңызды, ірі тарихи оқиғаларға толы кезең – ХҮІІІ-ХХ ғасырдың басын қамтитын жаңа заман кезеңі. Бұл кезеңде қазақ елі өз тәуелсіздігінен, мемлекеттігінен айырылып, Ресей отарына айналды. Өзінің тәуелсіздігі үшін бірнеше мәрте азаттық көтеріліске де шыққан болатын. Бұл тарихи кезеңнің зерттелуі де қарама қайшылықты екі ұстанымда қарастырылды. Алғашқы көзқарастар, зерттеулер – патшалық отарлық бағытта болса, кейін кеңестік идеология ұстанымға сай келсе, екінші бағыт – ұлттық бағытта қарастырыла бастады.

Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1991 жылдан бастап назар аудара бастады.

ХҮІІІ ғасырдың алғашқы онжылдығы қазақ халқы үшін ауыр жылдардың бірі болды. Қазақ-жоңғар қатынастарын ХІХ ғасырдың аяғы мен-ХХ ғасырдың басында М.Ж.Көпеевтің, Ш.Құбайбердиевтің, М.Тынышбаевтың, М.Дулатовтың, Ә.Бөкейхановтың күш-жігер салуы арқасында ғана саралап зерделеу мүмкін болды. Қазақтардың жоңғарларға қарсы күресі, жоңғарлардың 1723-1726 жж. жеңіске жету себептері, қазақтардың саяси-экономикалық жағдайы, т.б. мәселелер туралы ХХ ғғ. 70-80 жж. тарихнамада: И.Я.Златкиннің «Жоңғар хандығының тарихы» (М., 1983), В.А.Моисеевтің «ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы Жоңғар хандығы және қазақтар» (А., 1991), Н.Г.Аполлованың, В.А.Басиннің т.б. монографияларында көрсетілді. В.А.Моисеев жоңғарлармен арадағы күрестің ұзақ уақытқа созылған өзара қатынастарының, олардың даму барысын, сипатын көрсетті. Зерттеуші жоңғарлардың қазақтарға және Орта Азия халықтарына қарсы күрестегі уақытша жеңістерінің, Ресейдің қазақтар мен жоңғарлар жөніндегі тиянақсыз әрі қайшылыққа толы саясатының себептерін түсіндіріп, Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесін айқындай бастаған жаңа күштердің (Ресей мен Қытайдың) саяси аренаға шығу белгілерін айқындады. Р.Б.Сүлейменов пен В.А.Моисеевтің «ХҮІІІ

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Алғысөз..... | 3 |
| 1-дәріс. ХҮІІІ – ХІХ ғ. басындағы Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректері..... | 4 |
| 2-дәріс. ХҮІІІ ғасырдың І жартысындағы Қазақстан..... | 15 |
| 3-дәріс. ХҮІІІ ғ. басындағы Қазақстан мен Ресей. Қазақстанды қосып алудың басталуы..... | 21 |
| 4-дәріс. ХҮІІІ-ХІХ ғ. бірінші жартысындағы қазақ қоғамы..... | 25 |
| 5-дәріс. ХҮІІІ ғ. 50-ші жж.- ХІХ ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстандағы саяси үрдістер..... | 30 |
| 6-дәріс. ХҮІІІ ғ. аяғы мен ХІХ ғ. басындағы отаршылдыққа қарсы күрес..... | 32 |
| 7-дәріс. ХҮІІІ ғ. Қазақстан мәдениеті..... | 36 |
| 8-дәріс. Қазақстанға Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі..... | 38 |
| 9-дәріс. Қазақстанның оңтүстігіндегі Орта Азия хандарының саясаты..... | 43 |
| 10-дәріс. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар..... | 45 |
| 11-дәріс. Қазақ жерлерін Ресейге қосудың аяқталуы..... | 50 |
| 12-дәріс. ХІХ ғ. 60-90 жж. Қазақстанға жаңа әкімшілік-саяси басқару жүйесінің енгізілуі..... | 54 |
| 13-дәріс. ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстан экономикасы..... | 9 |
| 14-дәріс. ХХ ғ. басындағы Қазақстанның саяси өмірі..... | 61 |
| 15-дәріс. ХІХ-ХХ ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті..... | 65 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:..... | 67 |

21. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство.-А., 1982
22. Калиева, К.С. Тарихнама. - Алматы: Ассоциация вузов РК, 2012. - 280с.
23. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- А., 1996.
24. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында А., 1992

ғасырдағы Қазақстан тарихынан» деген бірлескен еңбегінде (А.,1988) осы мәселені зерттеуге көңіл бөлінді.

Кеңестік тарихнамада Қазақстанды отарлаудың басталуы оның Ресейге «қосылуы» турғысынан пайымдалды. Кейбір авторлар мәселенің экономикалық , саяси себептеріне тереңдемей, тек қана сырт жағынан қарап, қосылу кездейсоқтан болды деп санады.

Қазақстан тарихы жөніндегі қорытушы еңбектерде империяның шығыстағы саясатының әскери-стратегиялық мәні қазақ хандарының Ресеймен экономикалық және саяси байланыстарын нығайтуға бағытталған әрекет деп түсіндірілді.

Қазақстанның Ресейге қосылуының жекеленген мәселелері жөнінде қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин және т.б. өз ойларын білдірді.

Ш.Уәлиханов ұлы державалық шованизмге қарсы шығып, дүниежүзілік өркениетте қазақтардың орнын анықтай келе, ресейліктердің қазақ көшпелілері туралы «мал сияқты тұрпайы варварлар» деген түсініктеріне қарсы шықты. Ә.Бөкейханов «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени табыстары» деген еңбегінде «жаулап алу», «бағындыру» деген терминдерді қолданады. Орыстардың өлкені отарлауын Ә.Бөкейханов екі кезеңге: мұнда ерікті отарлаушылардың пайда болуына және олардың ізімен үкімет жасақтарының келе бастауына бөлді. Ерікті отарлау- сол кездегі ауыр тұрмыс жағдайларынан қашқан немесе қорғансыз бұратаналар есебінен оңай баю үшін шаруалардың, қылмыскерлердің, сектанттар мен басқа да әр түрлі тобырлардың келуімен жасалды. Еріктілер толқыны екі жүз жыл ішінде (1560-1750 жж) Оралдан Қамчаткаға дейін, Березовтан Алтайға дейін бүкіл Сібірді жүріп өткені белгілі. Оның тармақтарының бірі – солтүстіктен Ертіс бойымен және Бараба даласынан, екіншісі – оңтүстік Оралдан Жайық өзенімен оның салаларын бойлай Қырғыз өлкесіне келді. Ә.Бөкейханов өзінің Қазақстан тарихы және жер пайдалану нысандарының дамуы мәселелері жөніндегі еңбектерде өлкенің солтүстік-орталық және шығыс бөліктерін жаулап алу мен отарлауды бөлек алып қарастырады. Оның пікірінше, Қазақстанның империя құрамына кіруі «отарлау» және «жаулап алудан» тұрды. Ә.Бөкейханов өзінің барлық зерттеудерінде «жаулап алу» деген ұғымды қолданып, сол арқылы ХҮІІ-ХІХ ғасырдағы орыс-қазақ қатынастарының барысында қалыптасқан күрделі өзара қатынастарды сипаттайды.

1917 жылдан кейін отандық тарих проблемаларына арналған Т. Рысқұлов, Х. Досмұхамедов, П.Г. Глузо, С. Меңдешов, Ғ. Тоғжанов т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

П.Г.Глузо Ресей мен Қазақстан серіктестігінің тең құқылы еместігін, империяның өзге өлкелерге «қосып алуға» өте мүдделі екенін

атап көрсетті. П.Г.Галузо отаршыл империя теоретиктерінің агрессияға бейбіт тон жамылдырып, өркениетті сипат беруге неліктен тырысқанын түсіндірді. Ол «Отар Түркістан» («Орыс патша үкіметінің Орта Азиядағы отарлау саясаты тарихының очерктері) (М., 1929) еңбегінде патшалық Ресей әскерлерінің қазақ даласына қарай еңдеп кіруі ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысында – ақ басталған көрсетті.

П.Г.Галузо Ресейдің «отаршылдық табыстары» тарихын Орталық Азияның барлық аймақтарымен өзара тығыз байланыста алып қарады. Ол Қазақстанның империя құрамына кіруі: біріншіден - халықтарды саяси дербестіктен айырудың; екіншіден - экономикалық жағынан кіріптар етудің; үшіншіден – дүние жүзін болашақ отарлаға бөлу жөнінен орыс-ағылшын бақталастығының салдарынан болды деп есептейді. П.Г.Галузоның сіңірген еңбегі - ХІХ- ХХ ғасырдың басындағы Ресейдің Қазақстандағы отаршылдық үстемдігі көрінісін ашып көрсету және ұлт-азаттық қозғалысы мәселесін ғылыми тұрғыдан қою болды.

Х.Досмұхамедов Ресейдің жаулап алушылық саясаты қазақ жерін Азияға еңдей кіру кезінде алғы шеп ретінде пайдалану болды деп есептеді. Қазақ өлкесінің біржола «Ресейге бағынуын» ХҮІІІ ғасырдың аяғы – ХІХ ғасырдың басындағы қазақтардың ұлт-азаттық күресінің жеңіліс табуы салдарынан болды деп санады. Ол Әбілқайыр және ру ақсақалдарының шағын тобы патша үкіметімен сөз байласуға барып, елді бодандық алуға мәжбүр етті деп есептеді. Х.Досмұхамедов қазақтардың Ресей мемлекетіне бағыну актісіне халықтың негізгі бұқарасының қатыспағанын келіссөз үрдісіне Кіші жүз бен Орта жүз руларының біркелкі өкілдер болмағанын мысалға келтіріп дәлелдеген.

М.Әуезов «Әдебиет тарихы» (А., 1927) деген кітабында: «Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан, қалмақтар сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші жағынан, Орта Азия хандықтарының қысымшылығы, үшінші, орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тірлігі бір шым – шытырық мезгілге жеткенде, орыс үкіметінің шеңгелі қомағайлықпен созылып, қазақ даласын уысына кіргізіп әкетіп бара жатты.

Орысқа бағыну, елдің ұсынғае сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды» деп көрсетті.

Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелері Т.Рысқұловтың тарихи мұраларында да көрініс тапты. Қазақстанның жалпы Ресей бодандығына өтуі тұрғысынан қарастыра келіп, ол «бағыну», «қазақтарды жуасыту», «жаулап алушы күш» деген терминдерді қолданады. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының екі кезеңін: ХҮІ ғасырдың аяғынан бастап – қазақтардың, ХІХ ғасырдың ортасынан бастап - шаруалардың отарлауын бөліп көрсетті. Сонымен қатар, Т.Рысқұлов қазақ жүздерінің Ресей

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Шаяхметов Н. ХХ - ғасырдағы Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Н. Шаяхметов. - Алматы : Эверо, 2014. - 348 бет
3. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ф.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ф.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
4. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана (ХҮІІІ-нач.ХХІ в.) Алматы, 2004.
5. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 2. –Ақтөбе, Принт-А. - 2006. -524 б.
6. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (сборник материалов). –Ақтөбе, -2006
7. История Актюбинской области. -Ақтобе, 2007, 698 с.
8. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир - полководец, правитель, политик. Дайк-Пресс.-2007, 484 с.
9. Абдоллаев Н.Қазақстан желді тарих аясында. I-II кітап. –А., 2001
10. Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов.-А., 2007.
11. Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этнодемографиялық процестер. - Орал, 2008. -328 б.
12. Байдосов З. Үш ғасыр перзенттері.-А., 1996
13. Ерефеева И. Родословная казахских ханов и кожа ХҮІІІ-ХІХ вв. – Алматы, 2003
14. Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Ақтөбе, 1999.
15. Орамах Ж. Ішкі қазақ ордасы. Монография - Ақтөбе, 2015. -322 б.
16. Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000
17. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах ХҮІІІ в. А., 1948
18. Абенова Б.С. 1867-1868 жж. әкімшілік реформалар. -А., 2005
19. Моисеев В. Джунгарское ханство и казахи. -А., 1991
20. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1814 гг. -А., 1965

жетістіктері үшін күміс медальмен марапатталды. Орынбор гимназиясының түлектері өз білімдерін Қазан университетінде жалғастырды.

Осы кезеңде жоғары медициналық білімі бар алғашқы қазақ дәрігерлері шықты. Олар негізінен С.Петербургтің әскери академиясымен қатар Қазан, Саратов, Томск, Мәскеу университеттерінде білім алды. 1868-1913 жылдарда Қазан университетінің медицина факультетін 30 жас қазақ дәрігер бітіріп шықты.

Ресей оқу орындары революцияға дейінгі кездің өзінде-ХІХ ғасырдың ІІ жартысы-ХХ ғасырдың басында білімді адамдар тобының кеңеюіне, әрбір халықтың ұлттық зиялыларының қалыптасуына жәрдемдесті.

Қазақ қыздарының арасында Г.Асфендиярова, А.Досжанова, М.Ниязовалар Ресейде білім алды.

Ресейдің жоғары оқу орындарын бітірген қазақтар өз ауылдары мен қалаларына қайта оралып, өз білімін, ағартушылық рухын жерлестеріне беріп отырды.

Бекіту сұрақтары:

1. Халық ағарту ісі қандай деңгейде дамыды ?
2. Қазақстандағы ғылыми зерттеу ұйымдарын ата
3. Қазақ ұлт зиялыларын ата

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994
5. Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века.А., 1962

бодандығына өту себептерін ең алдымен сол кезеңдегі Қазақстанның сыртқы саяси жағдайымен байланыстырды. Оның сыртқы саяси жағдайына қазақтардың шығыстан – жоңғарлардың, оңтүстіктен – Хиуа, Бұхара, Қоқан хандығы, батыстан ноғайлар мен қалмақтардың қысым жасауынан көрінген.

ХХ ғасырдың 30 - жылдарындағы тарих ғылымында патша үкіметінің жаулап алушылық себептері мен отаршылдық ниеттеріне ерекше көңіл бөлінді. Сол кезеңде жарық көрген монографиялардың бірі - С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы» (А., М., 1935) еңбегі болды. «Патшалық жаулап алу қазақ бұқарасына ізгілік, бейбітшілік пен мәдениет әкелген жоқ. Ол-күйзеліс, талап-тонаушылық пен кісі өлтірушілік әкелді» деп жазды.

Г.Ф.Дахшлейгердің «В.И.Ленин және қазақстандық тарихнаманың мәселелері» (А., 1973), Д.Дулатованың «Төңкеріске дейінгі Қазақстанның тарихнамасы» (1861-1917 жж.) (А., 1984), И.В.Ерофееваның «Қазақстанның Ресейге қосылуы тарихнамалық мәселе ретінде» (А., 1990), Ж.Қасымбаевтың «Хан Кене» (А., 1993), І.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» (А., 1991) т.б. 1970-1990 жылдарда жарияланған тарихнамалық зерттеулерінде ХҮІІІ ғасырдың 40-80 жылдарындағы отандық тарихты, Қазақстанның Ресейге қосылуын зерттеу қорытындылары шығарылды.

Казак отаршылдығын зерттеуге алғаш назар аударғандардың бірі П.Г.Галузо болды. Оның «1867-1914 жылдардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық қатынастар» деген еңбегінде (А., 1965) аталған аймақты казактардың отарлауы туралы мәліметтер келтірілген. Жетісу казактарының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, казактардың жер игеруінің дамуы, казактардың жылқы саны бойынша, жер игеру және егістік алқабының көлемі бойынша жіктелуі, станциялардағы қанау мәселелері авторды толғандырған мәселелер болды. П.Г.Галузодан кейін 35 жылға жуық уақыт бойы бұл мәселеге ғалымдар назар аудармады. Тек соңғы он бес жылдық шамасында бұл мәселе көкейтесті сипат ала бастады. М.Әбдіровтің «Қазақстан казактарының тарихы» (А., 1994), Т.Б.Митропольскаяның «Жетісу казактары тарихынан» (А., 1997) т.б. еңбектер жарық көре бастады.

М.Әбдіров қазақ даласына алғашқы орыс казактарының келу уақытын, өлкедегі отаршылдық үстемдік жүйесіндегі казактардың алатын орнын, Қазақстанды жаулап алуға және қазақ халқының ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың ұлт-азаттық көтерілістері мен қозғалыстарын басып-жанышудағы казактардың атқарған ролін анықтады. Оның басты себептері Ресейдің он бір казак әскери жасағының төртеуі: Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казак әскери жасағының тікелей Қазақстанда орналасуы, Астрахан казак әскери жасағының тікелей Бөкей Ордасына

жақын болуы болды. Мәселені зерттеу барысында автор казактардың үш міндеті: бірінші, жақсы және құнарлы жерлерді жаппай тартып алу, казактарды шөл далаға ығыстырып шығару, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық үрдісін бұзу; екіншіден, әскери жорықтар кезінде мал атаулыны жаппай айдап әкету, сөйтіп казактарды негізгі тіршілік көзінен айыру; үшіншіден, бейбіт ауылдарға тонаушылық шапқындар кезінде көшпелілердің ең басты тіршілік тұтқасы және әскери күші – ер адамдарды жаппай қырып-жою мен қолға түсіру міндеттерін орындаған деген қорытындыға келеді.

Т.Б.Митропольскаяның еңбегі – Жетісу аймағына арналған. Казактардың қалыптасуы, 1917-1920 жылдар аралығындағы казактар арасындағы болған оқиғаларды қамтиды. В.А.Терещуктің «Көкшетау туралы әңгімелер» атты еңбегінде (Көкшетау.1992) «Казактар –патша үкіметінің сенімді тірегі» деп аталған бөлімінде, казактарға патша үкіметі бүлік шығарған бүлікшілерді бағындыру, бүкіл қырғыз-қайсақ халқын жоғары монарх қолына қарату жөніндегі үмітті жүктеді деп көрсеткен.

Тарихнамада ХУІІІ-ХІХ ғасырларда Ресей империясының Қазақстанды жаулап алуын айқындаушы мәселелерінің бірі және кең-байтақ аумақты отарлық шет аймаққа айналдыру көрсетілді. Бұл бір жолғы саяси акт болған жоқ, оның нысаналы және ұзақ уақыт жүзілуі қазақ қоғамының тарихы мен өмірінің барлық жақтарына ықпал жасады.

Өлкені отарлаудың құрамдас бөлігі – орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аудару ісін неғұрлым егжей-тежейлі зерттеуді кеңестік кезең тарихшылары, негізінен алғанда 50- жылдарда бастады. Бұл мәселелермен Ә.Тұрсынбаев (Қазақстандағы қоныс аударушы-шаруалар тарихынан. А., 1950), П.Верещагин (Патша өкіметінің Түркістан өлкесінің Сырдария облысындағы қоныстандыру саясаты.М., 1950) айналысты. Зерттеушілер қоныс аударушылардың шыққан аудандарын, олардың әлеуметтік – экономикалық тұрпатын анықтады, байырғы халықтан жердің жаппай тартып алынуы зерттеліп, қоныстандырудың салдары айқындалды.

Орта Азия мен Қазақстанның қазанға дейінгі кезеңдегі тарихына арналған Біріккен ғылыми сессияда (Ташкент, 1955) әзірленген ұсыныстар «Қазақ ССР тарихының» (1-т., А., 1957) және Е.Бекмаханов (Империализм кезеңіндегі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар.А., 1957), С.Зиманов (ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы казактардың қоғамдық құрылысы.А., 1958), С.Толыбеков (ХУІІ-ХІХ ғасырлардағы казактардың қоғамдық-экономикалық құрылысы.А., 1959) жазған әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы монографиялардың негізінде алынды.

7. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети ХІХ - начала ХХ века. А., 1963

15- дәріс. ХІХ –ХХ ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті

1. Халық ағарту ісі
2. Өлке тану және ғылыми зерттеу ұйымдарының қызметі
3. Қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы

ХІХ ғасырдың ортасына дейін Қазақ даласында еуропалық үлгідегі мектеп 1841 жылы тек Бөкей ордасында ашылды. Отаршылдық аппараттың төменгі органдарына хатшылар мен тілмаштар даярлау үшін 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытуға арналған жеті жылдық арнаулы мектеп ашылды. 1857 жылы Орынбор үлгісімен Омбыдағы облыстық басқарма жанынан қазақ балаларына арналған мектеп ашылды. ХІХ ғасырдың 60-жылдары Қазақстанда бастауыш мектептердің ашылуы Ы.Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты.

Ресей империясының экономикасы мен саяси өмірі саласына Қазақстанның енуі оның ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді: оның тарихи өткен-кеткенін ой елегінен өткізіп, табиғи ресурстарын, өндіргіш күштер деңгейін анықтауды қажет етті. Қазақстанды зерттеумен Ресейдің ведомстволары – Ғылым академиясы, Географиялық қоғамы, Тау-кен ведомствосы, Қатынас жолдар министрлігі, Мемлекеттік мүлік министрлігі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы және басқа да ұйымдар айналысты.

Қазақстанға ғалымдар, географтар мен саяхатшылар, шығыстанушылар келіп жатты. П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Н.А.Северцов, И.В.Мушкетов, В.В.Радлов және басқалар өз зерттеулерімен отандық ғылымның өркендеуіне зор үлес қосты.

ХІХ ғасырды ағартушылық салаға Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және Ш.Уәлиханов өз үлесін қосты.

Ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы күрделі және ұзаққа созылған үрдіс болды. Бұл жағдайдың халық шаруашылығында да, мәдениетте де мамандар санының өсуінен көрінгені күмәнсіз. Оның барысын отаршылдық режим жағдайлары, патша өкіметінің бағындырылған халық жөніндегі кемсітушілік саясаты тежеп отырды. Дегенмен ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезеңі болып табылады.

Қазақтар оқыған оқу орындарының бірі Орынбор гимназиясы болды, 1868-1892 жылдарда гимназияда 52 қазақ оқыды. Олардың ішінде С.Сүйіншәлиев гимназияны 1877 жылы үздік бітірді. А.Бірімжанов 1891 жылы оқудағы

экспедиция материалдарында Ф.А.Щербина экспедицияларының жер нормалары асыра көрсетілген, көшпелі қазақтарға үлкен кеңістіктің керегі жоқ, өйткені олар жер-жерде отырықшылық пен егіншілікке көшіп жатыр деген тұжырым жасалды.

Қазақстанда күрделі жер қатынастары жағдайында столыпиндік аграрлық реформаны кеңінен жүргізу өріс алды, оның мақсаты қоныстандыру қозғалысын күшейту болатын.

1906-1911 жылдарда Министрлер Кеңісінің төрағасы және Ішкі істер министрі болған П.А.Столыпин елді жаңғырту принциптерін әзірледі. П.А.Столыпиннің аграрлық саясатының мәні үш заң актісінде көрсетілді. Бұл- Сенаттың қарауына берілетін 1906 жылғы 9 қарашадағы «Шаруалардың жер иеленуі жайлы кейбір қаулыларды өзгертулер мен толықтырулар туралы» заң етіп толықтырылды және қайта өңделді. 1911 жылғы 29 мамырда «Жерге орналастыру туралы» заң қабылданды. Аграрлық реформа бойынша шараларды жүргізу Сенат Жарлықты қабылдағаннан кейін 1906 жылы басталды. 1907 жылғы 1 қаңтардан бастап үлесті жер сатып алу төлемдерінің күші жойылды, оларды шаруалардың қауымнан шыққан кеде төлеуге тиіс еді. Осы арқылы шаруалардың бұрынғы қоныстанған жерлерінен еркін кетуі үшін ең басты шектеу алып тасталды.

Аграрлық қоныс аударудың Қазақстан өмірінің әлеуметтік-экономикалық саласындағы үшқын беруші рөл атқарғаны мәлім. Қазақ жерлерін қоныс аударушылардың пайдасына жаппай алып қою туралы және бұл үрдістің келеңсіз зардаптары болды. Ресейдің егіншілігі дамыған аудандардан шаруаларды қоныс аудару Қазақстанға едәуір еңбек және материалдық ресурстар әкелді. Жаңа жерлерді игеруге себепші болды.

Бекіту сұрақтары :

1. Қазақстандағы алғашқы акционерлік қоғамдарды ата
2. Щербина экспедициясының мақсаты қандай боды ?
3. Столыпиннің аграрлық реформасы қашан жасалды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994
6. Мырзахметов М. Қазақ даласы қалай орыстандырылды. А., 1993

Е.Б.Бекмаханов сұлтандар, билер, қожалар мен молдалар, байлар, тархандар, батырлар санаттары жөніндегі әлеуметтік өзгерістердің серпінін зерттеді. Соңғы екі санат (тархандар мен батырлар) хіх ғасырдың орта шеніне қарай өзінің экономикалық ықпалын жоғалтып, іс жүзінде өздерінің жеке әлеуметтік топ ретінде өмір сүруін тоқтатқан.

С.Толыбаев пен С.Зимановтың монографиялары Қазақстанда дәстүрлі қатынастар үстем болған кезеңдегі қазақ халқының әлеуметтік құрылымы мен шаруашылық қызметін зерттеуге үлкен үлес қосты. Олар қазақтың малшаруашылығы жағдайындағы өндіргіш күштерді зерттеп, негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын иелену ерекшеліктерін анықтады., тәуелдік нысандарын және старшындардың рулық институттарды өз мүдделеріне пайдалану принциптерін ашып көрсетті.

Қазақстанның аграрлық тарихының түйінді мәселелері Б.Сүлейменовтың (ХІХ ғасырдың соңғы үштен бірі – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе.А., 1963), П.Г.Галузоның (1867-1914 жылдардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық қатынастар.А., 1965) еңбектерінде зерттелді. Б.Сүлейменов монографиясының хронологиясының хронологиялық шеңбері 40 жылды (1867-1907 жж.) қамтиды. Еңбекте аграрлық саясаттың мәні және помещиктер мен буржуазияның айқындамалары ашып көрсетіліп, қазақ ауылының отырықшылану тарихы мен әлеуметтік-шаруашылық құрылысына талдау жасалады.

Ал, П.Г.Галузоның еңбегінде қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық қатынастар неғұрлым кең көлемді хронологиялық шеңберде, статистикалық үлкен материал негізінде берілген.

Е.Ділімұхамедов пен Ф.Маликовтің «Төңкеріске дейінгі Қазақстандағы жұмысшы таптың тарихи очеркі» (А., 1963), Е.Бекмұхамедовтың «Төңкеріске дейінгі Қазақстандағы тау ісі мен түсті металлургия» (А., 1964), М.Тұрсынованың « ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары» (А., 1977), М.Асылбековтің «ХІХ ғасырдың соңы –ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанда темір жол желісінің дамуы» (А., 1977) т.б. еңбектер өнеркәсіп пен көлікті, сауданы мен қаржы саясатын Қазақстанда пролетариаттың қалыптасу мәселелерімен байланыста зерттеді.

ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы Қазақстандағы халық бұқарасының патша үкіметіне қарсы бірнеше наразылық қозғалыстары болды. Олар түрлі басылымдардағы жарияланды. Бұл мәселелер «Военный сборник» беттерінде халық бұқарасының бой көрсетулері «бүлік» деп түсіндіріліп, көтеріліс басшыларының жеке басы авторлардың көзқарасына қарай сипатталды. ХХ ғасырдың 30-жылдарында көтерілістер туралы арнаулы зерттеулер жазылды. Алғашқы зерттеушілердің бірі- А.Ф.Рязанов болды.

ол Орынбор мұрағатының материалдарымен танысып, ғылыми айналымға енгізді.

Сырым Датов басшылық жасаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне М.П.Вяткиннің «Батыр Сырым» (М., 1947) монографиясы арналған. Еңбекте Кіші жүз қазақтарының көтеріліс қарсаңындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы, шаруалардың наразылығын туғызған себептер, көтерілістің барысы мен оның жетекшілерінің көзқарастары, көтеріліс кезеңдері, жеңілу себептері т.б. мәселелер қарастырылды.

Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 - жылдарында» атты еңбегінде (А., 1947) Қазақстанның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық өмірі суреттеліп, Кенесары Қасымов басқарған азаттық күрес баяндалды. Онда көтерілістің қозғаушы күштері, Орта жүзде белең алуы, Кенесарынның қазақ мемлекетігін нығайту жолында жүргізген іс-әрекеттері және Кенесары мен оның жақындарының қырғыз билеушілерінің қолынан қаза табуы айқындалады. Қорытындысында Е.Бекмаханов Қазақстандағы 20-40 жылдарындағы оқиғаларын жинақтап, олардың Орта Азиядағы қазақ халқының кейінгі тағдырына жасаған ықпалын анықтап берді.

XX ғасырдың 50-60 жылдары көтеріліске көзқарас түбейгілі теріс бағытта болып, зерттеу авторы «ұлтшыл» деп айыпталып, қудалауға ұшырады.

Кейін көтеріліске деген ғылыми ден қоюшылық 90-шы жылдары қайтадан жаңарды. 1990 жылы 27-28 шілдеде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты мен «Вопросы истории» журналының редакциялық алқасы «Отаршылдық жағдайындағы ұлттық қозғалыстар (Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Кавказ)» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, мәселелер бойынша жаңа методологиялық көзқарастар іздестіруге шақырды. ХҮІІІ-XX ғасырдың басында Қазақстанда, Орта Азия, Солтүстік Кавказда, Еділ бойында болған ұлттық қозғалыстарды жан-жақты сипаттайтын құжаттар мен материалдарды жинақтау және С.Асфендияров, Е.Бекмахановтардың Қазақстандағы ұлттық қозғалыстарға арналған еңбектерін қайта шығару көзделді. 1992 жылы Ақтөбе қаласында «ХҮІІІ-XX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс- біртұтас тарихи үрдіс: проблемалар, ізденістер, шешімдер» деген ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, материалдары жарық көрді.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында Ресей Орта Азияны түгелге жуық, ал Қазақстанды толығымен өз иелігіне айналдырды. Қазақстанда империяның арнайы басқару тәртібі дайындалып, енгізілді. Мәселенің тарихнамасы өз бастауын сол жылдары-ақ мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген материалдардан алды. Әртүрлі бағыттағы газет-журналдарда қазақ даласында жаңа әкімшілік –басқару жүйесінің

өнеркәсібінің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өсуіне ықпалын күрт кемітті.

Қазақстанның кен-зауыт өнеркәсібінен айырмашылығы, ауыл шаруашылық шикізатын ұқсату жөніндегі өнеркәсіп жергілікті қажеттермен тығыз байланысты болды және өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне белгілі бір ықпал жасады. өндіруші өнеркәсіптің кәсіпорындарын мынадай екі топқа бөлуге болады: 1) Ресейдің еуропалық бөлігіне және шет елге шығару үшін мал шаруалығы шикізатын алғашқы өңдеу жөніндегі кәсіпорындар: бұған жүн жуатын, малмайын қорытатын, ішек-қарын тазартатын және басқа кәсіпорындар жатты; 2) ауыл шаруашылық өнімін оны жергілікті жерде тұтыну үшін ұқсату жөніндегі кәсіпорындар: бұлар былғары, май шайқайтын, спирт-арақ зауыттары, темекі фабрикалары және т.б.

Революцияға дейінгі Қазақстан өнеркәсібі негізгі түрлерінің қысқаша тізбесі өлкенің Ресей империализмінің және Батыс Еуропаның капиталистік елдерінің шикізаттық шылауы ретінде дамығанын дәлелдейді.

Қазақ шаруаларының ыдырауы жаңадан екі әлеуметтік халық санатының: байлар мен жұмысшылардың пайда болуын туғызды. Қазақ шаруаларының осы санаттарының арасындағы аралық буын орта шаруалар болды, олар көпшілік жағдайда ауыл шаруашылық жұмысшыларының қатарын толықтырып отырды.

Қазақстанның бірқатар облыстарында ондаған мың қазақ кедей шаруалары табыс табуға шетке кетті. Қазақ ауылынан шетке кетушілер өз уездері мен облысында ғана жалданып жұмыс істеген жоқ, олардың табыс іздеп туған өлкесінің шегінен алысқа да кетулеріне тура келді. табыс іздеп кетушілер Батыс Сібір жолында ғана емес, Сібір магистралының учаскелерінде жұмыс жасады. Солтүстік және Орталық Қазақстанда темір жол құрылысында қазақ жұмысшыларының жекеленген топтары бірте-бірте қалыптаса бастады.

Қазақстанда XIX ғасырдың ағынан бастап жер бөлуші топтар жұмыс істеді, олар «бос» деп белгіленген жерлерде қоныстану учаскелерін кесіп беруге тиіс болатын. «Бос жерлер» дейтіндерді далалық облыстарды зерттеу жөніндегі экспедиция, Ф.А.Щербина экспедициясы анықтауы керек еді. Экспедицияның жұмысы кезінде, қазақтардың жер пайдалану нормаларына қатысты көрп ескертулер жасады. 1893-1905 жылдары далалық облыстарда 4074180 десятина, оның ішінде Ақмола қоныстандыру ауданында-2550202 десятина, Семейде-499566 десятина, Торғай-Орал ауданында-1024412 десятина жер тартып лынды. Барлығы 18 миллион десятина алынуға тиіс еді.

Ақмола, Семей облыстарында, Торғай-Орал қоныс аудару аудандарында жекелеген уездерде бірнеше экспедиция ұйымдастырылды. Бұл

қоныстанушылардағы едәуір табиғи өсім есебінен де Қазақстан халқының одан әрі тез өскені байқалды. 1897-1917 жылдарда ғана, яғни Ресей империясының Бірінші жалпыға бірдей санағынан кейінгі алғашқы екі онжылдықта, Қазақстан халқының саны 4147,5 мың адамнан 5045,2 мың адамға, яғни 25,7 пайызға көбейді. Қазақстанның байырғы халқының үлес салмағы аз болды. Ғасырдың басынан орыстардың, украиндардың және басқа ұлт өкілдерінің ішкі аймаққа қоныс аударуымен толығып отырды.

Қазақстанда негізінен өнеркәсіптің екі саласы, жергілікті жерде шикізаттар саласы дамыды. Олар тау-кен өндіруші және кен-зауыт өнеркәсібі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дамыды. Тау-кен өнеркәсібі Алтайда және Орталық Қазақстанда дамыды. Онда түсті металдар мен көмір кен орындары игеріле бастады. Өнеркәсіптің жоспарлы дамуы болған жоқ. Кен орындары жеке кәсіпкерлерге сатылды, олар 20 жылдай пайдаланылып, кен қоры азайысымен тастап кетті. 30-жылдары Алтайда А.Демидовтың зауыттары мен кеніштері пайда болды, ол қайтыс болғаннан кейін олар кен құрамынан күмістің табылуы себепті «кабинеттің» меншігіне көшті.

1834 жылы көпес С.И.Попов Қарқаралы уезіндегі Богословск күміс-қорғасын және басқа да бай кен орындарын игере бастады. 1839 жылы ол қорғасын мен күміс балқытуға арналған Благодатно-Степановский зауытын, ал 1849 жылы Александровск зауытын салды.

XX ғасырдың 40-жылдарында көпестер Н.Ушаков, А.Рязанов, Зотов жергілікті байлардан Қарағанды көмір кенін, Успенск мыс кеніші бар Нілді алқабын, Жезқазған және Спасск-Воскресенск кенді аудандарын арзанға сатып алып, мыс өндірумен айналысты. Н.Ушаков 1857 жылы Спасск мыс зауытының негізін қалады.

XX ғасырдың басында кен өнеркәсібінің кәсіпорындары шетелдік акционерлік қоғамдардың қолына көшті. Олардың арасында тұңғыш кәсіпорындардың бірі-1904 жылы Лондонда бұрын Рязанов пен Козицинаға тиесілі болып келген, «Спасск кен рудаларының акционерлік қоғамы».

1906 жылы «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамы» құрылды.

1880-1890 жылдары өлкеде кен өнеркәсібінің басты салаларының бірі алтын өндіру болды. Өскемен уезінде ғана 125-тен астам кеніш жұмыс жасады.

Қазақстанның кен өнеркәсібі жергілікті капитал негізінде өсіп шыққан жоқ. Оны сырттан келген орыс және шетел капиталы жасады. Оның өнімі түгелдей дерлік өлкеден тыс жерлерге әкетілді, ал пайда XX ғасырдың басынан бастап шетелге кетіп жатты. Осының бәрі кен

енгізілуі, 1869 жылғы Орал, Торғай облыстарындағы бас көтерулердің себептері т.б. мәселелер жарияланып отырылды.

Әкімшілік – басқару реформаларының дайындалуы, Қазақстандағы отарлық әкімшілік жүйесінің саяси дамуы және қызметі, патшалықтың қазақ жерлерін отарлау саясаты мен жазалау шаралары Б.С.Сүлейменовтың «XIX ғасырдың соңғы ширегі-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе» (А., 1963), С.Сапарғалиевтың «Патша үкіметінің Қазақстандағы жазалау саясаты» (А., 1966) атты іргелі еңбектерімен қатар, соңғы жылдары жарық көрген Б.С.Абенованың «1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі» (Ақтөбе, 2006) монографиясында сөз болды.

1905-1907 жылдардағы революция мәселелерін зерттеуге Мәскеу мен Ленинградтың жетекші ғылыми мекемелері тартылып, «Вопросы истории» журналында жарық көріп отырды. Б.Сүлейменовтың «Қазақстандағы 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалыс» атты еңбегі (А., 1977) қозғалыс тарихын кешенді түрде зерттеген еңбектердің бірі болып табылады.

2. ХҮІІІ ғасырда батыс еуропалық шығыстануда Қазақстанды зерттеу туралы деректемелер аз болды. Бірақ, XIX ғасыр ішінде көптеген батыс саяхатшыларының, дипломаттардың, көпестер мен миссионерлердің ортаазиялық халықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихы туралы мәліметтер жинақталды.

ХҮІІІ- XIX ғғ қазақ даласында болып кеткен шетелдіктер өз еңбектерінде Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздегі көшпелі мал шаруашылығы мен оның бағыты, егіншіліктің дамуына назар аударды. С.Гердин сауданың күйі туралы, Н.А.Дингельштедт Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы егіншілік туралы, Дж. Уорделлдің, К.Оланьон т.б. еңбектерінде Орталық және Шығыс Қазақстандағы пайдалы қазбалар туралы мен тау-кен өнеркәсібінің дамуы туралы қызықты мәліметтер қарастырылған. Э.Бэконның «Орыстар билігіндегі ортаазиялық халықтар: мәдени өзгерістерді зерттеу» деген кітабында қазақ отбасының ұйымдастырылуына қатысты мәселелер, Л.Крадердің «Монғол-түрік көшпелілерінің әлеуметтік ұйымы» монографиясында туыстас халықтардағы номадизм проблемаларын зерттейді. Йель университетінің қызметкері Альфред.Хадсонның «Қазақтардың әлеуметтік құрылымы», неміс ғалымы Х.Шленгердің «Қазақстанның әлеуметтік құрылымындағы орыстар, әсіресе кеңес заманында болған өзгерістер» деген еңбектері XIX-XX ғғ басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеуге арналған.

Қазақстанның Ресей отарына айналу үрдісінің бастапқы кезеңі туралы Джон Кэстельдің «Күнделігінде» айтылып, Кіші жүздегі ішкі саяси жағдайға, Әбілқайыр ханды қолдаған ықпалды сұлтандарға, билер

мен батырларға, қазақтардың жайық қазақтарымен, башқұрттармен, еділ қалмақтарымен және Орынбор әкімшілігімен өзара қатынастарына назар аударған.

Кейінгі уақытта батыс тарихнамасында Кіші жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауы үрдісіндегі қазақтардың ролі мен жоңғар-қалмақ және орыс-қалмақ факторына 1970 жылдардың басына дейін бұл проблемаға Р. Пирс пен Г. Ланцевтің бірлескен еңбектерінде ғана қозғалса, кейін Ч.Риестің, М. Ходарковскийдің, Э.Соколдің, Э.Ситон мен Х.Макнилдің еңбектерінде патша үкіметінің отарлау саясаты туралы мәселелер қарастырылды.

І Петрдің Азия елдерін иелену барысындағы Қазақ даласын отарлау жоспарының бастапқы кезеңі Э.Донелли, Д.Коллинз, Д.В.Ярошевски, А.Вуд т.б. б/тарихшылар Ресейдің Башқұртстан мен Сібірді жаулап алумен байланыстырады.

Ағылшын тарихшысы А.Боджер 1980 жылы «Қазақтардың Кіші ордасының ханы Әбілқайыр және оның 1731 жылғы қазанда Ресейге адалдыққа берген анты» деген мақаласында көп ауқымды деректемелер мен әдебиетке сүйеніп отырып өз көзқарасын білдіреді. Кіші жүз қазақтарының қажет болған жағдайда орыс шекарасын қорғауға, Орта Азияға баратын орыс сауда керуендеріне көмек беруге, қорғауға ант берді деп анықтайды.

Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы және оның прогресшіл сипатты туралы кеңестік тарихшылардың тұжырымдарын Дж. Уилер, А.Беннигсен, Л.Тиллет, С.Блэк, К.Штеппа, А.Каппелер т.б. сынға алды. А.Беннигсен 50-жылдарда «Ислам шолуында» жарияланған мақаласында «Орыстардың Кавказ және Орта Азия аумағын басып алуы тарихын түсіндіру Кеңестердіносы аймақтың мұсылман халықтары жөніндегі саясатының ауытқуын өлшейтін ең жақын барометр болып табылады» десе, Константин Штеппаның «Орыс тарихын қайта жазу: Ресейдің өткен заманын кеңестік түсіндіру» деген жинақтағы еңбегі «ең аз зұлымдық» формуласының мазмұнын қарастыруға арналған.

Лондон университетінің профессоры Д.Уильямстың, Париж университетінің профессоры С.Бенсидунның еңбектерінде патша үкіметінің Түркістан мен Қазақ даласындағы отаршылдық-әкімшілік шараларының жекеленген жақтары: сот және жер реформалары, фискальдық саясат, әкімшілік өзгерістер және т.б. көрініс тапқан.

1950-60 жылдарда шетелдік тарихнамада орныққан жаңғырту тұжырымдамасы тарихшылардың 1917 жылға дейін аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуын кешенді түрде және неғұрлым тереңдете зерттеуіне мүмкіндік берді.

Дж.Демко, С.Зенковски, Д.Уильямс, Р.Пирс қазақтар үшін патша үкіметінің қоныстандыру саясатының ең ауыр зардаптары болғанын

Жергілікті мекемелер жинаған деректер бойынша, мұндай кәсіпшіліктердің алғашқы ошақтары Ақмола облысында ХІХ ғасырдың орта шенінде – ақ пайда болды. 1888 жылы Семей облысында 63 «зауыт» - 13 былғары, 9 сабын қайнатын, 1 шарап ашытатын, 1 май қорытатын, 23 кірпіш, 2 сыра ашытатын және басқа да 4 зауыттар болып, оларды 262 жұмысшы істеген, жалпы шығарған өнімдері 230147 сомға жеткен. 1898 жылдың басында Семей облысының Павлодар уезінде Воскресенск кен-өнеркәсіп қоғамы құрылды, ол Павлодар уезінің далалық аймағында табылған аса бай тас көмір және мыс рудалары кенін өндіруді мақсат етті. Кен орындары мен рудниктердің иелері қазақтардың қызметін ықпалмен пайдаланды, алайда алғашқы кезде олардың еңбегі онша өнімді болмады және оған орыс жұмысшыларының еңбегіне қарағанда ақы әлдеқайда арзан төленді, бұл жағдай жұмысшы кадрларының қалыптасуы ісінде де өте маңызды болып шықты.

Бекіту сұрақтары:

1. Қазақстанда өнеркәсіп қандай деңгейде дамыды ?
2. Жәрмеңкелерді ата
3. Егіншілікті қандай өзгерістер болды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994
6. Мырзахметов М. Қазақ даласы қалай орыстандырылды. А., 1993
5. Касымбаев Ж.К. О роли отходничества в расширении рынка наемного труда в Казахстане. М., 1989

14- дәріс. ХХ ғ. басындағы Қазақстанның саяси өмірі

1. ХХ ғ. басындағы өлке
2. Өнеркәсіптің дамуы
3. Жұмысшы кадрлардың қалыптасуы
4. Столыпиннің аграрлық реформасы

ХХ ғасырдың басында Ресей империясының ішкі губернияларының күрт өскен көші-қон ағыны нәтижесінде де, әсіресе

етуші –қазақтар мен малмен сауда жасаушылар арасында неғұрлым тұрақты сауда байланыстарын орнатуға кедергі жасаған қатынас жолдарының жеткілікті дамытылуымен түсіндіруге болады; екіншіден, бұл-жәрмеңке саудасының қалыптасқан дәстүрлері талаптарымен көшпелілердің жеткілікті түрде таныс болуымен; үшіншіден, сол кездегі статистикада атап өтілгеніндей даладағы байырғы мекендеушілердің көшпелі тұрмыс-салтымен түсіндірілді; төртіншіден, жәрмеңкеде көшпелі халыққа өте қажетті күнделікті тұтынылатын тауарларды сатып алуға болатын еді.

Ресейден, Орта Азиядан, Сібірден, Алтайдан, Оңтүстік Оралдан, сондай-ақ Цин империясынан, Монғолиядан, Қазақстанның әр түрлі аудандарында саудагерлерді тартқан ірі жәрмеңкелер мыналар болды: Қарқаралы уезіндегі-Қоянды-Ботов, Ақмолада-Константиновск-Еленовск, Атбасарда-Петровск, Ақтөбеде- Ойыл, Әулиеатада- сол аттас, Петропавлда- Тайыншакөл, Верныйда- Қарқара, Жаркент қаласында-Жаркент, Семей уезінде- Шар және басқалар.

Жәрмеңкелер алыстағы ауылдарда тұратын көшпелілердің болыстарда жоқ фабрика-зауыт өнеркәсібінің өнімдері мен бұйымдарына деген қажетін өтеді, орыс шаруаларымен тамыр болу мүмкіндіктеріне жол ашты, сонымен қатар халықтың таңдаулы музыкалық және спорт дәстүрлерін: күрес, бәйге, гимнастикалық жаттығулар, ақындар айтысы сияқты өнерін ел алдында көрсету үшін де тартып отырды. Мұнда тамаша қолөнершілер, халықтың он саусағынан өнер тамған зергерлердің, талантты композиторлар өз өнерімен тәнтгі еткен.

XIX ғасырдың 80-90 жылдарында жәрмеңкелер Қазақстанды рыноктық қатынастар жүйесіне барған сайын кең тарта түсті, тауар қатынастарына малдың едәуір бөлігін пайдаланып, бүкіл сауда құрылымын елеулі түрде үздіксіз өзгертіп, даланың экономикалық өмірін бұрынғысынан гөрі жандандыра түсті.

Ауыл өмірінің барлық салаларымен капитализмнің енуі туғызған дағдыдан тыс тұрмыс жағдайлары номадтарды табиғи-географиялық жағдайларды ескере отырып, шөп шабумен, балық, аң аулаумен, бақша егумен айналысуға итермеледі.

Отарлық Қазақстанның сан-салалы экономикасының құрамдас бөлігі жергілікті өнеркәсіп болды, оның біркелкі емес, өтпелі, ең алдымен ұсақ тауарлы деңгейі мен мәні бірқатар қарама-қарсы пікірлер туғызды. XIX ғасырдың аяғы –XX ғасырдың басында ғана өнеркәсіптің қарапайым бастамалары болды.

Мал шаруашылығы шикізатын өндеу жөніндегі алғашқы кәсіпорындардың негізгі ошақтары Ақмола және Семей облыстары болатын.

көрсетті. 1960 жылы «Ортаазия шолуы» бетерінде «Қазақтар және Пугачевтің көтерілісі» деген мақала жарияланды, бірқатар еңбектерде Сырым Датов (1783-1797), Е.Көтібаров пен Ж.Нұрмұхамедов (XIX ғасырдың 50-жылдарында), И.Тайманов пен М.Өтемісов (1836-1838) бастаған көтерілістер туралы айтылды. Э.Саркисянц «қазақтардың отаршылдыққа қарсы бой көрсетулері үздіксіз болғанын» атап көрсетті. Оның ішінде Кенесары қозғалысына ерекше баға беріп, «Кенесары қазақтың үш жүзінде бұқаралық қозғалыс ұйымдастырып, 1837-1847 жылдарда қазақтардың өз жеріне орыстардың басып кіруіне қарсы орасан зор көтеріліске ұласты. Ол тіпті ұлттық шеңберден де шығып кетті» деді.

Шетел зерттеушілері сонымен қатар, қазақ халқының мәдениетін зерттей бастады. Мәселен, Р.Каруц Маңғыстаудағы халықтық өрнектердің стильдік ерекшеліктері мен құрылымын зерттеуге көңіл бөлсе, Э.Каррен д' Анкос 1867-1917 жылдардағы Түркістандағы мектеп ісіне арнайы талдау жасап, патша өкіметі саясатының оң қорытындылары мен негізгі бағыттарын атап көрсетті.

Ш.Уәлихановтың шығармашылығы туралы алғашқы жарияланымдар Европада XIX ғасырдың 60-жылдарында пайда болды. Немістің 1862 жылғы «Ресей туралы ғылыми білімдер мұрағатында» ағылшын тарихшылары Д. және Р.Митчеллдердің, Ф.Тренчтің, Г.Ланселлдің, Г.Роулинсонның 1860-70 жылдарда жарияланған еңбектерінде оның Ққашқарияға саяхаты туралы хабарланса, қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаевтың туралы алғашқы мәліметтер ағылшын саяхатшысы Джордж Кеннанның еңбектерінде кездесті.

М.Олкотт Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсаринге қарағанда, А.Құнанбаев орыстардың Қазақстандағы отаршылдық үстемдігіне неғұрлым сыншыл көзқараста болды деп тұжырымдады.

3. ХҮІІІ-XX ғ. бас кезінде қазақтар туралы тарихи деректемелердің ауқымы кең, оларда Қазақстанның және онымен көрші мемлекеттердің ауқымында болып тарихи оқиғалар мен фактілерді көрсететін ақпарат бар. Жазбаша және заттай деректемелердің көпшілік бөлігі зерттеушілердің назарын аударып, ғылыми айналымға енгізілді. Қазақтардың жаңа тарихының кезеңі Ресей мен Батыс Еуропа, Шығыс Қытай және мұсылман деректемелерімен қатар дәстүрлі қазақ деректемелері - шежіренің өзінде баяндалған. Қазақ шежірелерінің материалдары деректеметанушылық талдау жасаған кезде құнды тарихи мәліметтер болып табылды.

XIX ғ. ІІ жартысы - XX ғасырдың басы қазақ жазба шежіресі дәстүрінің қалыптасу уақыты болды. Қазақтардың ауызекі шежіресінің жазбаша-библиографиялық нысанға көшуі М.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, Н.Наушабаев, Қ.Халид, М.Тынышбаев, Ә.Бөкейханов сияқты ғылымдардың шығармашылық қызметі арқасында жүзеге асты.

Көшпелі қоғамның дәстүрлі тарихи санасы шежіре шеңберінде қалыптасады. Ол көшпелілердің тарихи білімі құрылымындағы орталық өзек болып табылады, оның теориялық және қолданбалы маңызы тарамдалып, содан шығады. Шежіре, ең алдымен нағыз генеалогиядан, екіншіден, құрылым құрайтын ойдан шығарылған генеалогия табылатын ирреалдық, үшіншіден, ежелден жеткен үн, «қария сөз», «ескі сөз» - тарихи мифологиядан, сондай-ақ тарихи аңыздардан, эпикалық жырлардан-батырлар жырларынан, толғаулардан қалыптасып тарихи білімді құрайды.

Деректеметану тарихы мен тарихнамада қазақ шежірелерін іс жүзінде пайдалану мысалдары бар және олардың арасынан бірінші кезекте ғалымдар П.И.Рычков, А.И.Левшин, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Н. Харузин, А.Н.Аристовтар т.б. есімдерін атауға болады.

Бекіту сұрақтары:

1. Қазақстандағы жаңа заман кезеңі қай уақыт аралығын қамтиды ?
2. Жаңа замандағы тарихнамаға үлес қосқан тарихшыларды және олардың еңбектерін ата.
3. Жаңа замандағы Қазақстан тарихы туралы мәселелер қарастырған шетелдік тарихшыларды ата.
4. Ресейге бодандық болу, патша үкіметінің отарлау саясаты туралы мәселелер қарастырылған шетелдік еңбектерді ата.
5. Ш.Құдайбердиевтің еңбектерін ата.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Шаяхметов Н. XX - ғасырдағы Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Н. Шаяхметов. - Алматы : Эверо, 2014. - 348 бет
3. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ғ.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ғ.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
4. Сдықов М.Н. История населения Западного Казахстана (XVIII-нач.XXI в.) Алматы, 2004.
5. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 2. –Ақтөбе, Принт-А. -2006. - 524 б.
6. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (сборник материалов). –Ақтөбе, -2006
7. История Актюбинской области. -Ақтөбе, 2007, 698 с.
8. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир - полководец, правитель, политик. Дайк-Пресс.-2007, 484 с.

3. Реформаға қарсы қандай наразылықтар болды ?
4. Патша үкіметі өзінің аграрлық саясатын қай уақыттан бастап жүргізді ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Абенова Б.С. 1837-1868 жылдардағы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі. А., 2005

13- дәріс. XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстан экономикасы

1. Қазақстанның жалпыресейлік экономикаға тартылуы
2. Сауда және жәрмеңкелер
3. Қазақстандағы өнеркәсіптің құрылымы, оның сипаты және ерекшеліктері

1867-1868 жылдардағы реформа номадтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінің бүкіл қалпын өзгертті. Жатақтар қазақ ауылының қоғамдық-таптық құрылымындағы ерекше әлеуметтік жік ретінде қалыптасты. Ол мал шаруашылығының шаруашылық саралануының тереңдеуіне себепші болды: оларды отарлық Қазақстан дамуының күрделі жағдайларының тереңдеуіне себепші болды; оларды отарлық Қазақстан дамуының күрделі жағдайларында ауыл қоғамын орыс-казак селоларымен байланыстыратын делдал ретінде қарастыру керек, ал Қазақстанның экономикасы капиталистік қатынастардың ішінара енуіне байланысты объективті факторлармен қатар, көп ұлтты империяның шаруашылық жүйесіне жасанды жолмен телінген еді. Метрополияның аграрлық- қоныстандырушылық саясатын жүзеге асыру мақсатымен даланың байырғы мекендеушілерінің шабындық- жайылымдық алаптары қоныс аудару қорына алынып қана қойған жоқ, сонымен қатар онша жарамды емес, учаскелерге ығыстырып шығарылған жатақтардың онсыз да қиын жағдайын едәуір дәрежеде асқындыра түсті, дегенмен объективті тұрғыдан алғанда Қазақстанды Ресейдің сауда-экономикалық рыногына тартуға белгілі дәрежеде себепші болды.

Қазақстанның экономикалық дамуынның айқындаушы факторларының құрамдас бөлігі жәрмеңкелер болды. XIX ғасырдың ортасында көшпелілер мен отырықшы ауыл халқының арасындағы делдалдық міндеттерді жүзеге асырды. Жәрмеңкелік сауданың тұрақтылығын былайша түсіндіруге болады; ең алдымен рынокты малмен қамтамсыз

болды. 61 бап бойынша бір ауылдан екінші ауылға өту өкіметтің рұқсатымен ғана жүзеге асырылды. Болыстар мен ауыл старшындары 3 жылға сайланды. Болыс басқарушылары мен олардың үміткерлерін әскери –губернатор, ауыл старшындарын уезд бастығы бекітіп анықтағаны белгілі болды.

Құжаттың негізінде қазақ жерлері мен ормандары Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланды.

Салық жүйесінде де өзгерістер болып, түтін салығы екі есе ұлғайтып, әр шаңырақжылына

Жер пайдаланудың бұрынғы жүйесін күйретіп, шаңырақ алымының көбеюін туғызды. «Уақытша ереженің» негізгі баптары осы реформа нысанаға алғандарды назарынан тыс қалдыра алмады. «Уақытша ереженің» енгізілуі Орта жүзде қарсылыққа кездеспеді. Көтеріліс негізінен Кіші жүзді қамтыды. Зерттеуші В.Ф.Шахматов мұны Орта жүзде осындай әкімшілік басқарудың хан билігі жойылған 20-40-жылдардың өзінде-ақ негізінен жүзеге асырылғанымен түсіндірді. Зерттеуші Н.А.Серета Орал облысындағы ашу-ызаның себебі «халық пен реформаларды» емес, қазақтарды сұлтандар арқылы басқару әдісінде деп білді.

Реформаға қарсы халық наразылығы 1868 жылғы қарашаның аяғындағы қарулы қарсылыққа ұласты. Бұл қарсылық Орал және Торғай облыстарында, кейін 1870 жылы Маңғыстау өңірінде болды.

1868 жылғы болған көтерілістің бір тобын Ханғали Арысланов сұлтан, екіншісін Ықылыс Досов басшылық жасады. «Уақытша ереже» 1870 жылы Маңғыстауға енгізілді. 1870 жылы Маңғыстауда 20 мыңға жуық шаңырақ адайлар тұрды. Олар екі жыл ішінде 160 мың сом шаңырақ салығын төлеу тиіс болды. Көтеріліс басшысы –Иса Тіленбаев болды.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күштері - қазақ шаруалары өз қатарларын берік біріктіруге қол жеткізе алмады, мұның өзі саны жөнінен болмашы жазалаушы отрядтардың халық наразылығының негізгі ошақтарын тұншұқтыруға мүмкіндік берді.

Көтеріліс шағын сипатта болғанымен, оның географиялық шеңбері тым ауқымды болды- бүкіл дерлік Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстанның бір бөлігі қазақ шаруаларының бой көрсетулерімен қамтылып, «Уақытша ереженің» жүзеге асырылуын қиындатты.

Патша үкіметінің қазақтар орналасқан жерлердегі аграрлық саясаты бірте-бірте жүргізілді, мемлекеттің заңдық және шаруашылық құқықтарын бекіту дәйекті түрде жүзеге асырылды.

Бекіту сұрақтары:

1. 1867-1868 жж реформа төңірегінде жазылған еңбектерді ата
2. Реформаға қазақ ағартушыларының көзқарастары қандай болды ?

9. Абдоллаев Н.Қазақстан желді тарих аясында. I-II кітап. –А., 2001
10. Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов.-А., 2007.
11. Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этнодемографиялық процестер. - Орал, 2008. -328 б.
12. Байдосов З. Үш ғасыр перзенттері.-А., 1996
13. Ерефеева И. Родословная казахских ханов и кожа ХУІІІ-ХІХ вв. – Алматы, 2003
14. Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Ақтөбе, 1999.
15. Орамах Ж. Ішкі қазақ ордасы. Монография - Ақтөбе, 2015. -322 б.
16. Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000
17. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах ХУІІІ в. А., 1948
18. Абенова Б.С. 1867-1868 жж. әкімшілік реформалар. -А., 2005
19. Моисеев В. Джунгарское ханство и казахи. -А., 1991
20. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1814 гг. - А., 1965
21. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство.-А., 1982
22. Калиева, К.С. Тарихнама. - Алматы: Ассоциация вузов РК, 2012. - 280с.
23. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- А., 1996.
24. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 гг. ХІХ в.- Алматы. 1992

2- дәріс. ХУІІІ ғасырдың І жартысындағы Қазақстан

1. ХУІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайы
2. Жоңғар хандығының күшеюі және оның жаулап алу саясаты
3. Қазақ-ойрат, қазақ-орыс және қазақ-башқұрт қатынастары
4. «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама»

ХУІІІ ғ. бірінші ширегінде қазақ қауымдық құрылымдарының ең көп бөлігі аймақтың оңтүстік, орталық және солтүстік-шығыс жақтарында шоғырланған. Ұлы жүздің қазақтарының қысқы жайылымдары - Оңтүстік Балқаш өңірінің құмдарында, Мойынқұмда, Іле, Шу және Талас өзендерінің аңғарларында, ал жазғы жайлауы Тянь-Шань мен Қаратау жотасының солтүстік сілемдерінде орналасты. Аймақтың оңтүстігінде Ұлы Жүздің көшіп қонатын өңірі Ташкент қаласы мен оған жапсарлас қалаларды және отырықшылық- егіншілік қыстақтарды қоса алғанда, Ферғана алқабының солтүстік-батыс бөлігіне дейін жетіп, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларына дейін созылып жатты және Сырдария

маңында Бұхара хандығымен шектесті, ал оның Жетісу аумағы арқылы өтетеін солтүстік шектері Орта жүз қазақтары қоныстанған ауданмен тікелей ұласты. Орта жүз қазақтары сол кезеңде Солтүстік-шығыс, Орталық, ішінара Оңтүстік-шығыс Қазақстанның кең-байтақ кеңістігін алып жатты, олардың шекаралары оңтүстігінде Сарысу өзенін және Шу өзенінің төменгі ағысын бойлай Сырдарияның төменгі ағысына қарай өтті, Жоңғар хандығымен шектесті, ол жақтан Арал теңізі - Ырғыз-Торғай шебі арқылы солтүстікке қарай созылып, сол учаскеде Кіші жүздің шығыс қоныстарына ұштасты; одан әрі Тобыл салаларын, Үлкен Торғай өзенін және Торғайдың жоғары ағысындағы көлдерді бойлай жүріп, сол жерде Сібір жолындағы башқұрттардың қоныстарымен шектесті. Солтүстігінде олар Нұра мен Есілдің жоғары ағысына қарай, Есіл бойы даласымен Ертіс бағытында, ал шығысында Ертісті бойлай Ямышев көліне дейін жалғасып, Тобыл-Ертіс өзендерінің аралығында орыс қоныс аударушыларының поселкелерімен, Сібір казактарының станцияларымен және барабин татарларының қоныстарымен тоғысты. Ямышевқадан оңтүстікте, жоғары Ертіс өңірінде Орта жүз рулары қазақтарының Жоңғар хандығымен тағы да ортақ шекарасы болды, ал жоңғарлардың жер иеліктері бұл арада Ертістің сол жақ салалары-Шар, Аягөз және Бақанасқа дейін жетіп жататын.

Кіші жүздің жері қазіргі Батыс Қазақстан аумағында орналасып, шығысында Орта жүздің қоныстарына, ал оңтүстігінде Қарақұм құмдарына қарай және Сырдарияның төменгі ағыстарына дейін қарақалпақтардың қоныстарына, сондай-ақ Түркістан қаласы аймағына қарай созылып барып, онда Ұлы жүз бен Орта жүз тайпаларымен шектеседі.

Жекелеген есептеулер бойынша ХҮІІ ғ.аяғы мен ХҮІІІ ғ. басында барлық үш жүздің құрамында 112 шамасында ру бөлімшелері кірген. Қазақ халқының жалпы саны 2-3 миллиондай адам болған.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ аясында қазақ қоғамында интеграциялық сарын күшейді, хан билігі нығайып, үш жүз өкілдерінің жиналыстары біршама тұрақты түрде шақырылды, онда ең көкейтесті мәселелер шешілді. 1695 жылы Ташкент жазирасымен 32 қала мен оларға жапсарлас жатқан жер қазақтарға бағынды. Ташкент, Сығанақ, Сайрам, Созақ, Аққорған, Отырар, Қарнақ, Сауран қалаларының тұрғындары қазақ билеушілерінің пайдасына жыл сайынақшалай және тауарлармен алым төлеп тұрса, ал ауылдық егінші халықтар сиыр мен қойдың нақты саны бойынша ясақ алымы мен жиналған өнімнің 1/5 не 1/10 бөлігі мөлшерінде астық бажы алынды. Сыр бойындағы қалалардың сауда-қолөнер топтары мен мұсылман дінбасылар арасынан сайланған өзін-өзі басқару органдары болған.

«Ерекше комитет» құрылды. Сібір комитетінің басшысы В.П.Бутков төрағалық етті. Ерекше комитет Қазақстанды бүкіл Қазақ даласы үшін жалпы басқаруды енгізудің мүмкіндігін зерттеп, 1865 ж. жылдың ақпанында бұл шаралар едәуір шығындарды қажет етеді, әкімшілік және әскери қатынастарда елеулі қолайсыздықтар туғызады деген сенімге келді. Жобалар орталық үкіметті қанағаттандыра алмады.

XIX ғасырдың 60-жылдарында әлеуметтік-экономикалық өмірде қалыптасқан өзгерістерді ескере отырып, қазақтардың дәстүрлі, дағдылы заңдарын қолданудың заң жүзіндегі негіздерін көздеу керек болды.

1865 ж. 2 ақпанда құрамына Ішкі әстер министрлігінің, Әскери министрліктің, жергілікті генерал- губернаторлықтардың өкілдері енген «Дала комиссиясы» құрылды.

1865 жылы II Александр патшалық жеке өкімі арқылы толық құпия кеңесші Гирстің басшылығымен Түркістан өлкесі мен қазақ даласына жіберілген комиссия басқа қырларымен қоса номадтарда қолданылып келген әдет және исламдық заң ілімінің заңдық нормалары туралы да көптеген материал жинады. Реформаны әзірлеуде қалың бұқараның ой-ниеті ескерілмеді. Ислам канондарына негізделген дәстүрлер мен ғұрыптар империяның билеуші топтарының саяси және экономикалық мүдделеріне сай келетін дәрежеде ғана ескерілді. Ш.Уәлиханов жергілікті халықтың тұрмыс жағдайларын жақсартуға, дәстүрлерін сақтауға жәрдемдесетін батыл реформалар жүргізуді жақтады.

1867 жылы 11 шілдеде II Александр патша «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жобаны, 1868 жылғы 21 қазанда екінші жоба - Орал, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы жарлыққа қол қойылды. Бұл жобалар 1869 жылғы 1 мамырдан бастап енгізілетін болып ұйғарылды.

«Уақытша Ережелер» бойынша Қазақстан территориясы үш генерал-губернаторлыққа және алты облысқа бөлінді. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Жетісу мен Сырдария облыстары, Батыс-Сібір генерал-губернаторлыққа Ақмола мен Семей облыстары, Орынбор генерал-губернаторлығына Орал мен Торғай облыстары енді. Отарлық әкімшіліктің ең жоғары өкілі генерал-губернатор болып саналды. Ол өз қолына әскери және азаматтық билікті өз қолына шоғарландырды. Облыс әкімшілігі басында- әскери губернатор болды. Оған өз облыстарының әскери және азаматтық биліктері жүктелді. Облыстық, уездік бойынша асқарудың жоғары қызметтеріне тек патша чиновниктері, дворян мен казактардан шыққан офицерлер тағайындалып, әскер, полиция, түрме мекемелері солардың биліктерінде болды.

Әр облыс 4 уездерге бөлінді. Уездер болыстарға, болыстар ауылдарға территориялық принциптер бойынша бөлінді. Болыстарға жалпы -1000-2000 аралығында, ауылдарға 100-200 аралығында шаңырақ бірігуі тиіс

коллеж ассесоры болған). Оның еңбегінде көтерілісшілердің қарулануы, топтар арасындағы өзара байланыстардың болуы т.б. көрсетілді.

Сонымен қатар, В.Потто (О степных походах; Из путевых заметок по степи), Н.А.Аристов (Заселение киргизской степи), Н.И.Иванов (Исторические миниатюры) сияқты орыс зерттеушілерінің де жазбаларында көрініс тапқан.

1868-1869 жж. Орынбор, Орал, Торғай облыстарында болған қазақтардың көтерілістері жайлы зерттеулердің алғашқылардың қатарына әскери салада қызмет атқарғандардың және дала халқымен тікелей араласқандардың жорық жазбалары, әскери –саяси тақырыптағы еңбектері жатады. В.Потто (О степных походах; Из путевых заметок по степи) еңбегінде қазақтардың соғыс тәсілі, оның ішінде шабуыл жасау тәсілдері, жел бағыты бойынша от қоюы т.б. баяндалады. Ал, Түркістан әкімшілігінің қайраткерлерінің бірі, «Ерекше комиссия» құрамында болған А.К.Гейнстің (Киргизские степи) күнделік зерттеулерінде көтеріліс қарсаңындағы Орынбор өлкесіндегі қазақтардың жағдайы, олардың географиялық орналасуы мен көшіп-қонуы туралы айтылады.

1869 ж.Орынбор даласындағы көтерілістің зерттеушісі болған орыс авторы Юр-ко көтерілістің негізгі себебі –Ереженің енгізілуі болғанын және көтеріліс барысының екі кезеңін (1869 ж. қаңтар-маусым айына дейін созылған кезең және бірнеше күнге созылған басылуына әкелген өте қысқа мерзім), шамамен 40 мың адамның қатысуы, әскери ұйымдастырылуының, тәртібінің нашар болғандығы атап көрсетілді.

1870 ж. Маңғышлақтағы адайлар көтерілісі туралы П.А.Юдиннің «Русская старина» журналында, белгісіз автордың «Военный сборник» журналында мақалалар жарияланды.

ҚР ОММ,Орынбор ММ, Ресей мемлекетінің әскери-тарихи мұрағаты, Башқұртстан Р ОММ құжаттар сақталынған.

Реформа енгізілгеннен кейін Орынбор қазақтары арасында «Зар-заман» жырларының қатарын толықтыратын 33 шумақтан тұратын белгісіз автордың өлеңі тараған.

«Военный сборник», «Русский инвалид», «Русский вестник», «Восточное обозрение», «Окраина», «Оренбургские губернские ведомости» т.б. сияқты мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар мен хабарламалар нақты тарихи оқиғалардың бейнесін ашуға мүмкіндік берген.

Қазақ даласын басқаруды жеңілдету үшін отаршылдық әкімшіліктің ықпалды шенеуліктері XIX ғасырдың 60-шы жылдарының басында Қазақ даласы мен Орал,Орынбор және Сібір округтері казак әскерлерінің аумағы үшін бір жалпы басқарма белгілеуді ұсынған болатын. Осы мақсатта құрамында барон К.Врангель, Имшеник-Кондратович, П.Солнцев, А.Орлов, Г.Ловицкий, К.Селевестрович, Н.Довеновский бар

XVIII ғасырдың басында сырттан соғыс қаупі төнген жағдайларда қазақ жүздерінде әлеуметтік-саяси жағдай айтарлықтай тұрақтанған болатын. Хан билігін күшейтуде, ел ішінде қалыптасқан құқықтық дәстүрлер мен нормаларды реттеуде Жәңгір ханның ұлы, белгілі тарихшы А.И.Левшин «Ликург» және «Айдаһар» деп бейнелеген Тәуке (1680-1718 жж.) ханның үлесі зор болды.

Тәуке тұсында қазақ мемлекетігінің күшін нығайтуға бағыталған бірнеше маңызды шаралар жасалынды. Олардың бірі, Кіші жүздің саны аз және әлсіз жеті руын «жетіру» деген бір тайпаға, Орта жүздің уақ пен керейін бір уақ-керей бірлестігіне біріктірді. Қауымдар мен рулардың көшіп қонатын жерлерін айқын бөліп, олардың таңбаларын пайдалануды да ретке келтірді. Жыл сайын үш жүздің өкілдері қатысатын мәслихатты да өткізіп тұрды. Мәслихаттарда аса маңызды экономикалық және саяси мәселелер талқыланды.

Дегенменде, қазақ хандығына көрші мемлекеттердің қаупі төнді. Оңтүстік-батыстан жайық казактары қолдаған еділ қалмақтары шапқыншылық жаса, солтүстіктен сібір казактары шабуылдады. Жайықтың арғы бетіндегі қоныстардан башқұрттар да дәмеленсе, Оңтүстіктен қазақтарға Орта Азия хандықтарының (Бұқара, Хиуа) билеушілері да қысым көрсетті. Қазақ халқы үшін қауіпті агрессиялық қысым- Жоңғар хандығы тарапынан болды. Жоңғар хандығына көшпелі мал шаруашылығының жайылымдарын кеңейту және сауда-қолөнер орталықтары мен керуен жолдарын өзіне қарату қажеттілігі туындады.

Жоңғарлардың соғыс агрессиясына қарсы қазақтардың ірі ауқымды күресінің тартысқа толы оқиғалары Кіші жүз ханы Әбілқайырдың күрделі тұлғасын алдыңғы қатарға шығарды.

1723-1729 жж. ойрат – қазақ соғысы кезеңінде Әбілқайыр Қазақстан аумағына өзінің саяси ықпалының шекарасын едәуір кеңейтіп, қазақ қауымдарының әскери-саяси өмірінде жетекші рөлге қол жеткізе білді. 1730-1731 жылы Әбілқайыр қазақ жүздеріндегі нақты әлеуметтік мәртебе «үлкен хан», «ең басты хан» атағына сәйкес келді. Атақты батыр және табын руының басшысы Бөкенбайдың айтуынша, «Тәукеден кейін Әбілқайыр басты хан болды және ешкімнен кедергі көрмей, өз еркімен көп нәрсе істеген» десе, Ресей елшісі А.И.Тевкелев «... басқа хандардан гөрі... зор құрметке бөленген» деп жазды. XVIII ғасырдың 20 жылдарының аяғы-30 жылдардың басында Қазақстанда Кіші жүз ханы Әбілқайыр ең ірі және ықпалды саяси тұлға болған.

2. XVIII ғасырдың аяғы- XIX ғасырдың бірінші жартысы қалмақ тайпаларының арасында бірігу сарынының дамыған және Евразия аумағында қалмақ ханының халықаралық жағдайы нығайған уақыты болды. 1669 жылы Моншақ ханның баласы Аюке (1646-1724) билік басына келіп, Еділдің төменгі ағысында көшіп жүрген билеушілерді

өзіне қаратып, 1690 жылдары Тибеттің лама шіркеуінің билеушісі хан атағы мен мөрін табыс етті. ХҮІІІ ғасырдың басында Аюке қазақтарға, башқұрттарға, түркімендер мен қарақалпаққа соғыс шапқыншылықтарын жасап, көрші аймақтарға ықпалын жүргізіп, Қалмақ хандығын нығайтып алды.

Еділ қалмақтарының шапқыншылық жорықтарымен қатар, Қазақ хандығына ХҮІІІ ғасырда Жоңғар хандығының тарапынан қауіп төнді. Қазақ және жоңғар әміршілері арасындағы күрес жүз жылдан астам уақытқа созылды. Жоңғар қонтайшыларын жайылымдық жерлермен қатар, Қазақстанның оңтүстігіндегі сауда-көлөнер орталықтары да қызықтырды. Ресей мен Шығыс елдерін байланыстыратын керуен жолды да иеленгісі келді.

Жоғар экономикасының негізін көшпелі мал шаруашылығы құрды. Халық саны бір миллионға жуық болды. Әкімшілік және шаруашылық бөлінісі ұлыс болды. Ол отоктардан, жастар мен ангалардан тұрды. ХҮІІІ ғасырдың басына қарай жоңғарлардың негізгі қауымдары: торғауыттар мен дербенттер Тарбағатай, Монғол Алтайы, Ертістің жоғары ағысы жағындағы қолайлы жайылымдарды алып жатты. Хойттар Қара Ертіс пен оның салаларының бойында және Қобда өзенінің алқабында мекендесе, чоростар Іле өзенінің жоғары және орта ағысы мен оның салалары алқабында, хошоуттар Жоңғар Алатауының беткейінде көшіп жүрді.

Жоңғар хандығының әлеуметтік-таптық құрылымы қатаң иерархиялық сипатта болды. Үстемдік етуші сославие – хандар мен тайшылар болды. Лама дінбасылары ерекше ықпал етіп, дін орталығы – Лхаса болды. Әскери ұйымы қазақ жасақтарының әскери ұйымдарының құрылымына ұқсас.

Жоңғар хандығы Қазақ хандығымен қатар Циндік Қытай империясымен де соғысты. 1702-1703 жж., 1708-1712 жж., 1718 жж. аралығында қазақ-жоңғар арасында соғыстар болды. 1722 ж. Қытай императоры Канси қайтыс болғаннан кейін, 1723 ж. жоңғар –қытай бітімі жасалынып, Жоңғар хандығына Цинь империясы билеушілерінің шапқыншылық жасау қауіпі тежелді. Жоңғар қонтайшылары шығыс жақтағы өз тылын қауіпсіздендіріп алғаннан кейін, 1722 жылдың аяғында Қазақстан халқына жаңадан қуатты соққы бермекші болып ұйғарып, қазақ жерлері мен Орта Азияға мықтап басып кіруге әзірлікке кірісті.

1723 жылы қазақтар үшін ең ауыр жылдардың бірі болды. Қазақтардың күнтізбесі бойынша тышқан жылы мен қоян жылында көбіне жұт болатын. Дәл осы 1723 жылы көктемде жоңғарлар 70 мың адамнан тұратын жеті сыналы әскермен Қазақ хандығына шабуыл жасады. Цеван-Рабтанның баласы Галден-Церен 10 мың әскермен Балқашқа, одан әрі Қаратауға, қонтайшының інісі Құлан-Батур Алтайға

Өздерінің өмірін елінің егемендігі үшін күреске арнаған Ә.Бөкейханов (Киргизы.// Таңдамалы), М.Тынышпаев (История казахского народа) патша үкіметінің отарлық саясатын әшкерлеген тұңғыш қазақ зиялылары болды. М.Тынышпаев 1905 ж. өзінің жазған хатында «Уақытша Ереженің» әділдікпен, заңдылықпен сыйыспайтын баптарын сынға алып, жалпы мемлекеттік және өзін-өзі басқару ісін қайта қарауға қазақ өкілдерін қатыстыруды талап еткен.

Т.Шонанұлының (Жер тағдыры, ел тағдыры) еңбегінде Ресейдің отарлау саясатын, шаруалардың қоныстануын және олардың салдары көрсетілсе, Б.Қаратаевтің «Қазақ өлкесін отарлау тарихының Орынбор қазақтарының 1869 жылғы және 1870 –ші жылдардың басындағы көтерілісіне байланысты материалдарына шолу» атты қолжазбасында әкімшілік-басқару реформасына қарсы көтерілістің себептері көрсетіледі.

Е.Бекмаханов (Имперализм кезеңіндегі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар. А., 1957), С.Зиманов (ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылысы. А., 1958), С.Толыбеков (ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақтардың қоғамдық-экономикалық құрылысы. А., 1959) жазған әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы еңбектер бар. Б.С.Абенованың «1867-1868 жылдардығы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі (2005 ж) атты көлемді еңбегінде 1867-1868 жж реформалардың жүргізілуі мен оның зардаптары тәңірегінде қарастырылған.

Өлкені отарлаудың құрамдас бөлігі-орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аудару саясаты кең ауқым алды. Аграрлық қатынастарды, егіншіліктің дамуы мен қоныс аудару ісін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеуді кеңестік кезең тарихшылары, негізінен 50-жылдарда бастады. Бұл мәселелермен Ә.Тұрсынбаев (Қазақстандағы қоныс аударушы-шаруалар тарихынан.А., 1950), П.Верещагин (Патша өкіметінің Түркістан өлкесінің Сырдария облысындағы қоныстандыру саясаты. М., 1950) айналысты, П.Шарова, О.Ваганова, А.Геллер және басқалар мақалалар жазды. Зерттеушілер қоныс аударушылардың шыққан аудандарын, олардың әлеуметтік-экономикалық тұрпатын анықтады, байырғы халықтан жердің жаппай тартып алынуы зерттеліп, қоныстандырудың салдары анықталды.

Ресейдегі капитализм кезеңіндегі Қазақстанның аграрлық тарихының түйінді проблемалары Б.Сүлейменов (ХІХ ғасырдың соңғы үштен бірі – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе. А., 1963) пен П.Г. Галузоның (1867-1914 жылдардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық қатынастар. А., 1965) еңбектерінде зерттелді.

1869 ж. көтерілістің тарихын алғаш рет жүйелі түрде баяндаған тарихшы Н.А.Середа (Из истории волнений в Оренбургском крае// Русская мысль-1891,№10) болды.(1875-1887 жж. Орынбор қала Басы,

6. Мырзахметов М. Қазақ даласы қалай орыстандырылды. А., 1993
7. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей, т. 1-3, 1832
8. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. А., 1961
9. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. А., 1960
10. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында А., 1992

12- дәріс. XIX ғ. 60-90 жж. Қазақстанға жаңа әкімшілік- саяси басқару жүйесінің енгізілуі

1. Мәселенің тарихнамасы
2. 1867-1868 жж реформалар.
3. 1868-1869 жж Орал және Торғай облыстарындағы және 1870 жылғы Маңғыстау қазақтар көтерілісі
4. 1886 ж. 2 маусымдағы Түркістан өлкесін басқару туралы ереже.
5. 1891 ж. 25 наурыздағы Далалық облыстарды басқару туралы ереже.

XIX ғасырдың 60 жылдардың ортасында Ресей Орта Азияны түгелге жуық, ал Қазақстанды толығымен өз иелігіне айналдырды. Қазақстан үшін де империяның басқа ұлт аймақтарындағы сияқты өзіндік ерекшеліктері бар арнайы басқару тәртібі дайындалып, күшіне енгізілді. Бұл Қазақстанды Ресей империясының отары ретінде толығымен заңды түрде бекіткен 1867,1868 жж. әкімшілік басқару реформалары болды. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы империяның Қазақ өлкесі жөніндегі саясатына өзгерістер енгізді.

Отарлық әкімшіліктің ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты кейбір мәселелер шығыстанушылар М.Венюков (Россия и Восток), А.Гейнстің (Собрание литературных трудов Гейнса А.К.), Ф.Лобывичтің (Тургайская область и ее устройство. //Военный сборник, 1898), Н.А.Середаның (Из истории волнений в Оренбургском крае // Русская мысль,1891) еңбектерінде патша үкіметінің қазақ халқын басқаруды қайта құруды заңдастырған Уақытша Ережелерді қабылдаудағы түпкі мақсаты, ол реформаларды қазақтардың қабыл алу сипаты сияқты күрделі мәселелерге жауап іздестіріледі, бірақ аталған еңбектер империялық позиция тұрғысынан жазылған.

Т. Шорманов, Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, И.Ибрагимов, Д.Самоквасов, Г.Загряжский, А.Краханев, П.Маковецкий, Н.Максимов, И.Крафт, А.Добросмыслов, А.Мякутин және т.б. еңбектері деректі материалдардың толығымен ерекшеленеді.

және Көктал өзеніне, немересі Әмірсана Нұра өзені алабына, Галдан-Цереннің баласы Цеван-Доржы Шелек өзенінің аңғарына, Галдан-Цереннің екінші баласы Лама-Доржы Ыстықкөлге бағыт ұстады. Ал, ноян Дода-Доржым Шу өзеніне, Цеван-Работанның өзі Іле, Жетісуға аттанды. Жалпы басшылық жасау Цеван-Работанның ағасы Шона-Добаға жүктелді. 1723 жылдың көктемі қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болып енді.

Жоңғарлар өздерінің жолында ауылдарды талап-тонап, малын тартып алып, қалаларды басып алып отырды. XVIII ғасырдың 20-шы жылдары жоңғарлар қазақ жерлерінің орасан көп бөлігін жаулап алды.

1723 жылы Жетісу мен Ертіс өңірінің қазақтары бірінші болып жау табанына түсіп, ел тағдыры төлекіге түсті. Бұл қасіретті қазақтармен қатар Орта Азияның барлық халықтарды да қамтыды. Самарқанның қаңырып қалғаны және Бұхарада көптеген адамдардың аштыққа ұшырағаны туралы құжаттар мен дәлелдер кеңінен мәлім.

Көрнекті тарихнамашы Ш.Құдайбердиев жоңғар шапқыншылығы кезінде бүкіл халықтың 3/1 қырылды деп көрсеткен.

Үмбетей жырау толғауында жоңғарлар Баянауыл, Қызылтау, Абралы, Шыңғыс таулары мен Қара Ертіс бойындағы Маырықты және Алатауды жаулап алғаны суреттеледі. Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары Сырдариядан өтіп, Ходжентке, Орта жүз руларының көпшілігі Самарқанға, ал Кіші жүз Хиуа мен Бұқара шегіне көшіп барды.

Жаулап алушыларға халық өз қарсылықтарын көрсетті. Ташкент қаласының қазақ жасағы бастаған 300 мыңдай тұрғыны үш айға жуық қорғанса, Сайрам қаласының тұрғындары да қаһармандық танытты.

Жауға тойтарыс беру үшін қазақ жасақтары біріге бастады. Қазақ жасақтарын Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Наурызбай, Шақшақ Жәнібек сынды батырлар басқарды. Жеке басының қасиеттерімен қатар, елді біріктіруде Әбілқайырдың ықпалы зор болды. 1724 жылдың өзінде–ақ Әбілқайырдың басшылығымен қазақтардың алғашқы жеңістері болды. Флорио Беневени: «Әбілқайыр соғыста қазақтардың 12 ұлысын қол астына жинап, аз уақытың аралығында –ақ Түркістан қаласын өзіне қайырып алды» деді.

Жоңғарларды қазақ жерлерінің Отырар, Шымкент, Түркістан, Сайрам аймағынан қуып шығару кезінде қазақ әскерлері қаһармандық жанқиярлық ерліктер көрсетті.

1725 жылы Шұбаркөл ауданында (Қорғалжын көлі жағында) Орта жүз қазақтарының батыры, әрі қолбасшысы Шақшақұлы Жәнібек жоңғарларға күйрете соққы берсе, Ойылдың саласы Ақтасты өзенінде тама Есет батыр үш мыңдық жасағымен, табын Бөкенбай төрт мың жасағымен жеңіске жетті. Қазақстан картасында алғаш «Қалмаққырылған» деген атаудың осылайша пайда болған.

1726-1727 жж. жауға қарсы барлық қазақ руларын біріктіру туралы кең саясат жүргізілді. 1726 жылы күзде Бадам өзені маңындағы биік қырда – Ордабасында бүкілқазақтың құрылтайы өтілді. Құрылтайға Әбілқайыр, Әбілмамбет, Сәмеке, Күшік, Жолбарыс хандар, сұлтандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған түрлі рулардың билері, қолбасшылар мен батырлар жиналды. Құрылтайдың негізгі мәселесі - жауға бүкілхалықтық тойтарыс беру, бүкіл қазақ жасағының қолбасшысын сайлау болды.

А.И.Добросмыслов: «ХҮІІІ ғасырдың екінші ширегінің басында қазақ ордалары хандарының ішіндегі ең күштісі, алғыры және жігерлісі біздің ең жақын көршіміз Кіші орданың ханы Әбілқайыр болды» деп бағаласа, А.И.Левшин: «Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып сайланды, сөйтіп халықтық әдет бойынша құрбандыққа шалынған бие болашақ табыстың кепілі ретінде қабылданды» деп жазды. Батырлар арасынан бүкіл қазақ жасағының сарбарбегі болып Қанжығалы Бөгенбай болып сайланды.

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» (1723-1730 жж. Отан соғысы) барысында аса маңызды шайқастар болды. Олардың бірі- Бұланты өзені бойындағы ірі шайқаспен қатар 1730 жылғы «Аңырақай» шайқастары болды.

Бекіту сұрақтары:

1. ХҮІІІ ғасырдың I ширегінде қазақ хандығының ішкі жағдайы қандай болды?
2. Әбілқайыр қай жылы хан болып сайланды ?
3. ХҮІІІ ғ. Қазақ хандығының көршілерін ата ?
4. Башқұрттармен қарым-қатынас қандай дәрежеде болды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Шаяхметов Н. ХХ - ғасырдағы Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Н. Шаяхметов. - Алматы : Эверо, 2014. - 348 бет
3. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ф.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ф.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
4. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана (ХҮІІІ-нач.ХХІ в.) Алматы, 2004.
5. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 2. –Ақтөбе, Принт-А. -2006. - 524 б.
6. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (сборник материалов). –Ақтөбе, -2006
7. История Актюбинской области. -Ақтөбе, 2007, 698 с.

1848 жылы Батыс Сібір генеарал-губеннаторына бағынған Үлкен Орда приставының қызметі белгіленді. Ол Ұлы жүздің жаулап алынған аудандарын басқаруды жүзеге асырды. 1854 жылы Алматы шатқалында Верный бекінісін, ал 1859 жылы Кастек бекінісін салуды аяқтады. Ресейдің Шу алқабы арқылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Қоқан бекіністерін: Әулиеатаны, Шымкентті және басқаларын басып алу жөніндегі соғыс қимылдары сол жерден басталды. 1856 жылы Семей облысының құрамында бастапқыда орталығы Қапал қаласында, ал 1862 жылдан Верный қаласында болған Алатау округі құрылды.

Ресей әскерлерінің аймаққа ілгерілеуі 1857-1858 жылдарда Шымкент және Әулиеата аудандарында жергілікті қазақтардың қоқандықтарға қарсы көтерілісіне жәрдемдесті.

Түркістан мен Шымкенті орыстардың алуымен Орынбор және Сібір шептері тұйықталды. Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруінің 130 жылдан астам уақытқа созылған ұзақ та күрделі үрдісі осы оқиғамен аяқталды.

1866 жылдың жазында Петербургте Ташкенттің болашақтағы құқықтық мәртебесі туралы болған қысқа айтыстардан кейін II Александр оны Ресей құрамына қосу туралы жарлық шығарды. Бір жыл өткен соң, 1867 жылдың маусымында орталығы Ташкент қаласында болатын - Түркістан генерал-губернаторлығын құру туралы заң жарияланды. Оған жаңадан құрылған генерал-губернаторлыққа Жетісу және Сырдария облыстары кірді.

Оңтүстік Қазақстанға Ресей мемлекеттік-әкімшілік жүйенің таралуына байланысты оның орасан зор полиэтникалық империяның құрамына қосылуы рәсімделді. Сол кезден бастап Қазақстан ұзақ уақыт бойы Ресейдің отарлық шет аймағына айналдырылды.

Бекіту сұрақтары:

1. Англияның Қазақстанға қатысты саясаты қандай болды ?
2. Сырдария өзені бойында қандай әскери бекіністер салынды ?
3. Арал теңізіне жасалған экспедицияның мақсаты қандай болды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994

тырысты. 1834 жылы полковник Жемчужников, 1836-1839 жылға дейін бірнеше жазалау экспедициясын қазақ даласына жіберілді.

1834-1839 жылдарда қарулы жазалау экспедициялары Маңғыстау және Арал өңірі қазақтарына орасан зор материалдық және моральдық зиян келтірді.

Хиуа жорығы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін В.А.Перовский Сырдария әскери шебін құрудың тікелей басшысына айналды. Сырдарияның төменгі ағыстарында, Қоқан және Хиуа хандықтарының тікелей шекаралары бойында әскери күштерін нығайту, сондай-ақ бұл аймақты стратегиялық, экономикалық тұрғыдан зерттеу, Арал теңізі мен Үстіртті игеру мақсатын көздеді.

40-жылдардың екінші жартысынан бастап патшалық Ресей Орталық Азияға біртіндеп және жоспарлы түрде тереңдеп енуін жалғастыра берді. 1847 жылы орыс әскерлері Сырдарияның сағасын басып алып, онда сол жылы Райым бекінісін, ал 1848 жылы Қазалы фортын салды. Жаңа форпостар орыс гарнизонының біртіндеп Сырдария бойымен жоғары өрлеуіне және қоқандықтардың ірі бекінісі Ақмешітке жақындауына мүмкіндік берді. 20 күндік қоршаудан кейін 1853 жылы 28 маусымда Ақмешітті орыс әскерлері басып алды, сөйтіп Сырдарияның төменгі ағысында Сырдария шебі құрылып, оған Райымнан Ақмешітке дейінгі аудандар енгізілді.

В.А.Перовскийдің екінші әскери-стратегиялық міндетті жүзеге асырылды. Патша үкіметі Хиуа мен Қоқан хандықтарына дипломатиялық арналар бойынша саяси қысым көрсетуді күшейтуге мүмкіндік алды. Сырдария әскери шебі 1864 жылы Түркістанды алғанға дейін сақталып қалды және сол арқылы Қазақстанның кең-байтақ аумағын Ресей толық жаулап алды.

1848 жылы «Николай» және «Константин» желкенді екі шхунасы түйеге артылып Орынбордан Райым бекінісіне әкелініп, суға түсірілді. Бұл шхуналарда А.И.Бутаков бастаған 27 адамнан тұратын команда құрылып, 1848-1849 жылдары Арал теңізін зерттеп, теңіз картасын жасады. Бұл экспедицияның мақсаты- болашақта Хиуа хандығына құрғақтан да, теңізден де шабуыл жасау болды.

Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуы жөніндегі экспансиялық мақсаттары екі жолмен: біріншіден, қазақ даласына бірқатар әскери-барлау және жазалау экспедицияларын ұйымдастыру; екіншіден, дала арқылы өтетін «стратегиялық жағынан тиімді жағдайда бекіністер шебін» салу арқылы жүзеге асырылды.

XIX ғасырдың I жартысының аяғына қарай Орта жүз бен Ұлы жүз аумақтарында Сібір жағынан бастап Ақтау (1835 ж), Ұлытау (1835 ж), Қапал (1846 ж), Сергиополь (Аягөз, 1831 ж.) және басқа бекіністер салынып, олар Ресейдің Іледен арғы өлкедегі тірек пунктеріне айналды.

8. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир - полководец, правитель, политик. Дайк-Пресс.-2007, 484 с.
9. Абдоллаев Н.Қазақстан желді тарих аясында. I-II кітап. -А., 2001
10. Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов.-А., 2007.
11. Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этнодемографиялық процестер. - Орал, 2008. -328 б.
12. Байдосов З. Үш ғасыр перзенттері.-А., 1996
13. Ерефеева И. Родословная казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. – Алматы, 2003
14. Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Ақтөбе, 1999.
15. Орамах Ж. Ішкі қазақ ордасы. Монография - Ақтөбе, 2015. -322 б.
16. Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000
17. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. А., 1948
18. Абенова Б.С. 1867-1868 жж. әкімшілік реформалар. -А., 2005
19. Моисеев В. Джунгарское ханство и казахи. -А., 1991
20. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1814 гг. - А., 1965
21. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство.-А., 1982
22. Калиева, К.С. Тарихнама. - Алматы: Ассоциация вузов РК, 2012. - 280с.
23. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- А., 1996.
24. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 гг. XIX в.- Алматы. 1992

3- дәріс. ХУІІІ ғ. басындағы Қазақстан мен Ресей. Қазақстанды қосып алудың басталуы

1. Ресейдің шығыс саясатындағы Қазақстан
2. Қазақ хандығындағы саяси топтар күресі
3. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауы

Сібір губенаторы М.П.Гагарин Тобылдан Жаркентке дейінгі жол бойында: біріншісі Ертісте, Ямышев көліне жақын және одан арғы жерде, ал басқаларын «істің барысы бойынша керек етілетін» жерлерде «орыс бекіністерін салу» жоспарын патша I Петрге ұсынды. Осы хабарламадан кейін I Петр 1714 жылы 22 мамырда «Алтынды құм бар жерлерді иеленіп алу үшін подполковник Иван Дмитриевич Бухгольцтің басқаруымен экспедицияны жабдықтау туралы» жарлыққа қол қойды. Әскери экспедиция үшін адамдар

Томскіден, Түменнен, Тарадан және төңіректегі қыстақтардан жинап алынды. Онда 70-ке жуық әр түрлі оқпанды зеңберік алынған. Экспедиция құрамында тұтқынға түскен швед офицерлерімен қатар орыс саудагерлері де болды. И.Д.Бухгольцтің жүрісіне ойраттардың қаупі төнбеу үшін Цеван-Рабтан қонтайшыға арнайлы өкілдер жіберілді. Сонымен, 1715 жылдың шілдесінде 2797 адамнан тұратын экспедиция жорыққа шықты.

1715 жылы 1 қазанда И.Д.Бухгольцтің экспедициясы Ямышев көліне келіп, Ямышевск деп аталатын бекініс салды.

1716 жылы 20 мамырда Омбы бекінісінің негізі қаланды.

1717 жылы жазында П.Северскийдің отряды-Железинск, В.Чередовтың отряды- Колбасин бекіністерін салып, кейін Семипалит (Семей) бекінісінің орнынын таңдады.

Сібір әкімшілігі 1718 жылдың жазында П.Ступенный басқарған ірі экспедиция жасақтаса, патша өкімімен майор И.М.Лихарев басқаратын тағы да бір әскери команда әзірленді.

1720 жылы Өскемен, Черноморецк, Черноярск, Верблюжск, Осморыжск, Убинск, Семиярск форттары салып, үш әскери-саяси шеп- Сібір, Ертіс, Колыван шептері үшін негіз қаланды. Жақсы машықтандырылған гарнизондары, зеңбіректері көп, стратегиялық жағынан қолайлы жерге орналасқан бұл бекіністер жергілікті тұрғындарды құнарсыз жерлерге ығыстырды. Патша үкіметі үшін отарлау тірегі болды.

Аңырақай шайқасынан кейін қазақ билеушілері арасында билік үшін күреске негіз болған қайтыс болған аға хан - Болаттың орнына Орта жүзден – Сәмеке, Кіші жүзден- Әбілқайырдың үміттенуі болды. Бірақ көпшілік таңдауы- Әбілмамбетке түсті. Сәмеке мен Әбілқайыр шайқас алаңынан кетіп қалды. Сұлтан Әбілмамбет Түркістанға көшіп кетсе, ал Әбілқайыр орыс шекараларына бет алды. Бұл жағдай қазақ жүздері арасындағы байланыстырды әлсіретті. Жоңғарлардың шапқыншылық жорықтарын қайта жалғастыруға тиімді болды. Жоңғар хандығына қарсы күрес барысында Кіші жүз бен Орта жүз жеке иеліктерге бөлініп кетті. Ұлы хан деп саналған Әбілқайыр өз билігін кіші жүзге де жүргізе алмады. Кіші жүзде Қайыптың баласы батыр сұлтан мен Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан билік етті. Орта жүзде де өз хандары болды. Оның ішінде белгілісі –Сәмеке, Күшік. Әбілмамбет пен Барақ сұлтандардың да ықпалы зор болды.

Кіші жүздің батыстағы шекарасында бейбітшілікке қол жеткізу Әбілқайырдың басты міндеттерінің бірі болды. Жоңғарлармен күресу қажеттілігі туындады. Жоңғарлар мен Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, Жайық және Сібір казактарының қоршауы қазақ жүздерінің билеушілерін Ресей империясынан одақтас іздеуге

Кіші жүз бен Орта жүздегі Ресей қатысуының нығаюы және патша өкіметінің қазақ жерінің терең түкпіріне жеделдете ене бастауы XIX ғасырдың 30-жылдарында Орта Азия хандықтарының қарсыласуымен қатар Ұлыбританияның астыртын қарсы әрекетіне кездесті. Бұл кезге қарай Англия Британ империясының ең ірі әрі бай отары - Үндістанда өзінің орнығуын нығайтып алып, көршілес азиялық елдерге өзінің ықпал өрісін кеңейтуге белсене кірісе бастаған еді. Британ үкіметінің стратегиялық жоспарларындағы ағылшынның өнеркәсіп тауарларын өткізу үшін біршама тиімді рынок, Орталық және Оңтүстік-шығыс Азияда әскери-саяси экспансияны одан әрі өрістету үшін қолайлы алғы шеп ретінде қарастырылған Орталық Азия мен көршілес Ауғанстанның аумақтарына зор мән берілді.

XVIII ғасырдың 30-40-жылдарында ағылшынның бірнеше сауда агенттері мен көпестері Қазақстанда болып, олар қазақ билеушілерімен және Орталық Азияның басқа да елдері туралы географиялық, саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы алуан түрлі мәліметтер жинады. Өздерінің отандастарына олар ықпал танытқан қазақ даласы туралы алғаш хабарлаған ағылшындар арасында орыс мемлекеттік қызметінде уақытша болған теңіз капитаны Джон Эльтон, кескіндемеші Джон Кэстель, Томас Вудроф, шотланд хирургі Джон Кук, сондай-ақ XVIII ғасырдың 40-жылдарында Каспий маңы ойпатына саяхат жасаған көпестер Реональд Гок пен Джонатас Ганвей болды. Олар жинап, өндеген материалдар Англияда және Еуропаның басқа да елдерінде жарияланып, кейіннен британ кәсіпкерлерінің қазақ жері мен Орталық Азия хандықтарына ынта-ықыласының күшеюіне біршама себебін тигізді.

1833 жылдың жазында В.А.Перовский Орынбор өлкесінің әскери губернаторы болып тағайындалды. Ол өзінің алдына екі міндет: біріншіден- орыс билігін мойындамайтын қазақтарды бағындыру; екіншіден- орыс әскерлерін Орта Азия хандықтарының шекараларына жақындатуды тездету міндеті қойылды. Осы мақсат үшін оған Сырдарияның төменгі ағыстарында жаңа әскери шеп салуға өкім берілді.

Бұл шаралардың жүзеге асырылуы жұртшылықты қатты алаңдатты, Орта Азия хандықтарымен шекаралас қазақ халқы Орынбор әкімшілігіне бағынудан бас тартты. Бұл жөнінде Л.Мейер халықтың бір бөлігін Хиуаға, тағы бір бөлігі қоқандықтарға көшіп кетуге тырысты және оның үстіне билеуші сұлтандарға қоқандықтарға көшіп кетуге тырысты және оның үстіне билеуші сұлтандарға қарсылық күшейе түсті деп жазды. Мұның өзі әкімшілік тәртіп орнату үшін далаға жыл сайын жазалау отрядтарын жіберуге мәжбүр етті. Қазақтардың бір бөлігі Хиуа мен Қоқан аумағына көшіп кетті. Мұны Перовский тоқтауға

ғасырдағы тарихшылар Н.Середаның, В.Поттонның, Л.Мейердің т.б. еңбектерінде суреттелген.

Кенесары көтерілісшілерінің шешуші шайқасы 1847 жылы 17-25 сәуір аралығында қазіргі Тоқмаққа жақын шатқалда болды. Кенесары және 30-ға жуық жақтастары қолға түсіп, қаза болды.

Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс үш жүзді қамтыған отаршылдыққа қарсы болған ең ірі көтеріліс болды.

Бекіту сұрақтары:

1. XIX ғасырлардағы отаршылдыққа қарсы қозғалыстарды зерттеген тарихшыларды ата, олардың қандай еңбектері бар ?
2. Саржан Қасымұлы бастаған көтеріліс кімге қарсы бағытталды ?
3. Бөкей ордасындағы көтерілістің ең шешуші шайқасы қай жерде болды ?
4. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызы қандай ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994
6. Мырзахметов М. Қазақ даласы қалай орыстандырылды. А., 1993
7. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында А., 1992
8. Қасымбаев Ж.Қ. Кенесары хан. А., 1993
9. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. А., 1982
10. Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 гг: документы, материалы, статьи. А., 1992
11. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. А., 1994

11- дәріс. Қазақ жерлерін Ресейге қосудың аяқталуы

1. Оңтүстік Қазақстан Ресей мен Англияның Орта Шығыстағы сыртқы саяси стратегиясында
2. Сырдария бойында Ресей әскери шебінің құрылуы
3. Аймақтың Ресей билігіне көшуі

мәжбүрледі. Кіші жүз ханы Әбілқайыр хан ең алдымен қазақ мемлекеттілігінің стратегиялық мүдделерін басшылыққа ала отырып, екінші жағынан Ресей әкімшілігіне сүйене отырып, өзінің басқа да бәсекелестерінен жоғары болуға, оларды саяси аренадан ығыстырып шығаруға ұмтылды, хандықтың жеке-дара басшысы болу мақсатымен, ойрат басқыншылығына жол бермеуге тырысты. Осы мақсаттар негізінде Кіші жүз ханы Әбілқайыр 1731 жылы 19 ақпанда Ресей мемлекетіне өзінің Құтлымбет Қоштаев пен Сейітқұл Қойдағұлұлы бастаған 7 адамнан тұратын елшілігін императрица А.Иоанновнаға жіберді. Елшілікке сыртқы істер алқасының тілмашы А.И.Тевкелев бастаған үлкен комиссия қосылып, Қазақ елшілігін кері қайтаратын күні А.И.Тевкелевке 12 тармақтан тұратын «Нұсқау» табыс етілді. Елшілік әскери күзет ерітіліп кері қайтарылды. Олардың ішінде жерлерді сипаттау үшін жіберілген екі геодезист-А.Писарев пен М.Зиновьев болды. А.И.Тевкелев екі жылға жуық (1731 жылғы 30 қазан-1733 жылғы 14 қаңтар аралығында) болды. Қазан айының басында бірінші рет, кейін сол айдың 10- ы күні екінші рет орыс елшілігі Кіші жүз билерімен кездесті.

Ресейге бірінші болып бодандыққа Әбілқайыр хан ант берді, оған Бөгенбай, Есет батыр, Құдайменде мырза қосылды. Сол арада 27 ақсақал ант берді.

1734 жылдың мамырында «Қырғыз-қайсақ экспедициясы» құрылды, ол кейін «Орынбор экспедициясы» деп аталды. Оны Сенаттың обер-хатшысы И.К.Кириллов басқарды, оның көмекшісі болып Кіші жүздегі үкіметтік миссияны сәтті орындағаны үшін тілмаштықтан подполковникке көтерілген А.И.Тевкелев тағайындалды. Кейін 1737 жылы сәуірде И.К.Кириллов қайтыс болғаннан кейін, оның ісін аса көрнекті тарихшы, қабілетті әкім, жаңа шеп құрылысын жалғастырған В.Н.Татищев Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы болып тағайындалды.

Кейінгі зерттеулер, тарихнамалар қазақ жерлерін күшпен бағындыру жөнінде сонау I Петр кезінде әзірленіп, кейінгі билеушілер кезінде тереңдетіле түскен стратегиялық мақсаттарды неғұрлым айқын ашып берді.

1739-1740 жылдарың қысында ойрат әскерлері оңтүстіктен, Сырдария өзенінің жоғарғы ағысынан және солтүстіктен Ертіс өзені жақтан шапқыншылық жасап, Орта жүздің Тобыл мен Есіл бойындағы қоныстарын едәуір шығынға ұшыратты.

1742 жылғы 20 мамырда Билік етуші Сенат қазақтарды қорғау және бекіністердің қорғанысы жөніндегі шаралар туралы бірінші рет арнаулы жарлық қабылдады.

Галдан-Церен қазақ билеушілеріне Жоңғарияға толық тәуелділікті мойындау талабын қойды. 1742 жылы 2 қыркүйекте И.И.Неплюев Галдан-Церенге хат жолдап, Ресей бодандығында тұрған қазақтардың істеріне араласпауға жол бермейтінін баяндады. Қорғаныстық сипатта бірсыпыра шаралар жүзеге асырылды. 1744 жылы Железинск, Семей, Өскемен бекіністеріне 35 зеңбіректен тұратын артиллериясы бар 7400 адамдық гарнизон орналастырылды. Ұрысқа бейім бес бекіністен басқа 31 форпост пен редут пайда болды.

Қазақ хандығында болған тартысты оқиғаларға толы 40-жылдар Әбілқайырдың үлкен ұлы - Нұралының хан сайлануымен, соның ішінде қазақ-ойрат текетіресінің кезекті кескелескен кезеңімен, ымырасыз екі тұлғаның – 1745 жылы Галдан-Цереннің және 1748 жылы Әбілқайырдың өлуімен аяқталды; осы оқиғалардан кейін ойрат хандығында билік үшін күрес басталып, бір кездегі құдіретті елін әлсіретті, ол өзінің өмір сүруінің соңғы фазасы кезеңіне аяқ басты; екіншісінен кейін хан билігін біртіндеп әлсірету кезеңі туып, Қазақстанды казактардың ашық әскери отарлауы үшін негізді кеңейтті.

Бекіту сұрақтары:

1. Қазақстан мен Ресей арасында қандай келіссөздер болды ?
2. И.Бухгольц экспедициясы қашан жасақталды?
3. Экспедициялардың басты мақсаттары қандай болды?
4. Әбілқайыр не себептен Ресей бодандығын мойындады ?
5. Қандай әскери шептер салынды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ғ.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ғ.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
3. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана (XVIII-нач.XXI в.) Алматы, 2004.
4. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 1.2. –Ақтөбе, Принт-А. -2006. - 524 б.
5. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (сборник материалов). –Ақтөбе, -2006
6. История Актюбинской области. -Актобе, 2007, 698 с.
7. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир - полководец, правитель, политик. Дайк-Пресс.-2007, 484 с.
8. Абдоллаев Н.Қазақстан желді тарих аясында. I-II кітап. –А., 2001

аудармады. Ашынған халық бұқарасы ханға ашық қарсы қозғалыс бастады. Бұл қозғалыстың басшылары – Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы болды.

Сонымен қатар мұндай азаттық жолындағы көтеріліс Орта жүзде болып жатты. Оның басшысы-Кенесары Қасымұлы болатын. Кенесары тарихи аренаға Қазақстанның 1822, 1824 жылдардағы Сібір және Орынбор қазақтары туралы Жарғылардың қабылданғанына қарамастан саяси оқшаулығын сақтауды жалғастырған аудандарының тәуелсіздігіне патша әскерлерінің жаппай аттаныстары салдарынан қатер төнген жағдайда, Абылай ханның ісін жалғастырушы ретінде келді. Сондықтан көтеріліс жасаған сұлтанның басты мақсаты - Абылай хан кезіндегі Қазақстанның аумақтық шектерінің тұтастығын қалпына келтіру, «дуандарды» тарату, Ресей құрамына әлі кіріп үлгермеген жерлердің толық дербестігін сақтап қалу болды. Күрестің негізгі талаптары сұлтанның император І Николайға, Орынбор губернаторы В.А.Горчаковқа, Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы А.Ф.Генске және басқаларға жолданған көптеген хаттарында айқын анықталған.

Кенесары үш жүздің дәстүрлі топтарын, рулық бөлімшелерні біріктіруге барлық амалдарды қолданды, дегенмен бұл мақсатқа азаттық күрестің 1844-1845 жылдардағы ең шырқау биігіне көтерілген кезеңінің өзінде де қол жетпеді.

Кенесары Қасымов үш қазақтарының едәуір бөлігін өз қол астына қаратты. Кенесары әскерінің саны 20 000 адамға жетіп, 80-нен астам сұлтан, билер мен старшындар қолдады. Көтеріліске Орта жүздің ру бірлестіктерімен қатар, Кіші жүздің шекті, жағалбайлы, табын, алшын, шөмекей, жаппас т.б. рулары, Ұлы жүздің үйсін, дулат т.б. рулары қатысты. Топ жетекшілерінің арасында атақты батырлар: Ағыбай, Иман, Басығара, Аңғал, Жанайдар, Жәуке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан т.б. болды. қатысушы ұлтар құрамы да әртүрлі болды. Қазақтармен қатар орыстар, өзбектер, қырғыздар, поляктар т.б. құралды. Кенесары көтерілісшілерінің соғыс қимылдары 1838 жылдың көктемінде Ақмола приказын қоршап алумен басталды. 1841 жылдың қыркүйегінде Кенесары қазақ ханы болып жарияланды. Кенесары мемлекетінде салық жинау малшыдан зекет, диқаншыдан ұшыр тәртіпке келтірілді. Сауда сауда саясаты да реттелді. Мемлекеттік құрылыс қайта ұйымдастырылды. Жоғары кеңесші орган ретінде –Хан кеңесі батыр, би, сұлтандардан құралды. Мемлекеттік басқару ісіне шыққан тегіне қарамастан жеке қасиеттері арқылы тартылып отырылды. Дипломатиялық істерді ұйымдастыруға ерекше мән берді. Өзіне қажетті мәліметерді жансыздары арқылы біліп отырды. Кенесарының өзіндік соғыс тактикасын полковник Дуниковский, әскери старшын Лебедевтің мәлімдемелерінде, XIX

ұшырап, кедейлеген қожалықтар санының көбеюін, хан билігінің беделі мен ықпалының күрт құлдырауын, сол кездегі тәртіпті өзгертуге ұмтылушылықты туғызды. Осындай жағдайда қазақтың малшы-шаруалар бұқарасының көтерілісі болып, ол әсіресе 1836-1837 жылдарда хандықты мықтап дүр сілкіндірді. Халықтық-азаттық қозғалысы бастапқыда хандықтың Каспий теңізі жағалауына жапсарлас жатқан оңтүстік аудандарын қамтыды. Бұл қолайлы, бай жайылымдық алқаптар еді. Олар кінәз Юсупов пен граф Безбородконың иеліктері болатын. Негізінен жерсіз және жері аз көшпелі қауымдар, өмір арнасынан шығып қалып, қанағаттанарлық жалгерлік жағдайында жайылым алуға немесе балық кәсіпшіліктеріне жұмысшы болып жалдануға үміттенген қауым мүшелері сол жерлерге ағылды. Уақыт келе, бұл жердегі халықтың тығыз болып, ал «қазыналық» басқарушылар үстіне хан агенттері мен салық жинаушылары билігінің тонаушылық сипат алғаны сонша, бұл учаскедегі жердің тарлығы мен алам-салықтың хандықтың басқа аудандарына қарағанда ерекше көптігі күрделі шиеленісті туғызды.

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған азаттық күресі өз дамуында үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең - 1833-1836 жылдарды қамтиды және қарулы көтеріліске дайындық кезеңі ретінде сипатталады. Екінші кезең - көтерілісшілердің ханға қарсы аттануымен басталып (1837 жылдың басы), олар жеңіліске ұшырауына -1837 жылғы қарашаның орта шеніне дейін созылды. Үшінші кезең көтерілісшілердің Исатай мен Махамбет бастаған шағын тобының Жайықтың сол жағасына өткен кезеңінен (1837 жылғы желтоқсанның орта шені), күштердің жаңа шайқастар үшін топтастыру және Ақбұлақ өзеніне жақын жерде болған ұрыста біржола жеңіске ұшырау (1838 жылғы шілденің орта шені) кезеңімен аяқталды.

Шаруалар бұқарасы мен көптеген ауыл старшындарының хан саясаты мен басқаруына наразылығы тез өрістеді. Оның тұтануына Жәңгірдің 1833 жылы қайын атасы Қарауылқожа Бабажановтың Каспий теңізінің жағалауын өздеріне қоныс еткен ру бөлімшелерінің билеушісі етіп тағайындауы себеп болды. Ханның бұл әрекетін жергілікті көпшілік жұрт өздерінің мүдделері мен ауыл қауымдарының еркін мүлдем елемегендік және өздеріне қыр көрсетушілік деп санады. Жұрт Қарауылқожаны қарапайым көшпелілерді қатыгездікпен қанаушы ретінде, ірі өсімқор-саудагер және күш қолданып басқаруды жақтаушы ретінде білетін. Ол ханның жаңа саясатын ең жақын және жан сала уағыздаушылардың әрі орындаушылардың бірі ретінде де белгілі болатын. халықтың орнықан көзқарасы бойынша, шыққан тегі қожа болғандықтан, оның қазақ руларын басқаруға құқықсыз жағдайының да мәні болды. Хан Бабажановты тағайындау туралы шешім қабылдау қарсаңында да, одан кейін де ханға жолданған топтың өтініштері мен ескертулеріне назар

9. Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов.-А., 2007.
10. Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этнодемографиялық процестер. - Орал, 2008. -328 б.
11. Байдосов З. Үш ғасыр перзенттері.-А., 1996
12. Ерефеева И. Родословная казахских ханов и кожа ХУІІІ-ХІХ вв. – Алматы, 2003
13. Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000
14. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах ХУІІІ в. А., 1948
15. Моисеев В. Джунгарское ханство и казахи. -А., 1991
16. Калиева, К.С. Тарихнама. - Алматы: Ассоциация вузов РК, 2012. - 280с.
17. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- А., 1996.

4- дәріс. ХУІІІ-ХІХ ғ. бірінші жартысындағы қазақ қоғамы

1. Қазақтардың шаруашылығының зерттелуі.
2. Сыртқы сауда.
3. Әлеуметтік жіктелу.

Қазақ халқының тарихына, оның ішінде қазақ халқының шаруашылығын зерттеуге орыс авторлары 1730-1917 жж. көбірек назар аударды. Қазақтардың айналысатын шаруашылықтары ішінде ең басты және маңызды орынды мал шаруашылығы алатыны туралы Қазақстанды ХУІІІ ғ. зерттеген И.П.Фальк, П.С.Паллас, И.Г.Георги, Х.Барданес, ХІХ ғ. зерттеген П.Алексеев, А.А.Тилло, М.И.Венюков сияқты авторлар айтқан болатын. (Фальк И.П.Записки путешествия; Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи, также их жителей обрядов, вер, обыкновении жилищ, одежд и прочих достопамятностей. Ч.11.126 б.; Ерофеева И.В.Территория и население Казахстана второй половины ХУІІІ в. в трудах Х.Барданеса; Тилло А.А.Первая народная перепись в Киргизской степи;Топографическое описание полуострова бузачи, сорставленное корпуса топографов прапорщиком Алексеевым 2-м в 1852 г. Из библиотеки С.А.Хрулева; Венюков М.И.Материалы для военного обозрения перепись границ в Азии.Чжунгария.)

1768-1774 жж. 2 академиялық экспедицияның қатарында батыс және солтүстік Қазақстанды барлаған И.П.Фальктің, П.С.Палластың, И.Г.Георги, Х.Барданестің, ХІХ ғ. І жартысында қазақ елінің шаруашылығын зерттеуге көп көңіл аударған ресей әскери тарихшысы М.И.Венюковтың еңбектерінде мал шаруашылығының- жергілікті халықтың ең негізгі кәсібі екені көрсетіліп, малдардың түрлері, олардың

күтімі, бұл малдан алынатын өнімдердің қазақтардың шаруашылығында пайдалануы және өңдеуінің технологиясы сипатталған.

И.П.Фальктің пікірінше, « мал шаруашылығы жергілікті халықтың жалғыз-ақ кәсібі, олардың керемет малдан тұратын таңғаларлық үлкен табындары бар». Малдың саны, оның пайымдауынша, «қырғыздардың дәулетін көрсетеді және башқұрттардыкі сияқты олардың барлық қажеттілігін өтейді». П.С.Паластың пікірінше, «қырғыздардың бар байлығы тегінде сол мал ғана, олардың ішінде жылқылар мен қойлар көп». 1768-1774 жж. 2 академиялық экспедицияның мүшесі Х.Барданес «барлық қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы» деп жазса, М.И.Венюков «мал шаруашылығы елдің негізгі және бірден-бір айналысатын өндіріс түрі» деп жазған және оның бақылауынша, Семей облысында бір отбасында 1 сиыр, 1 жылқы және 40 қой болған.

1852 ж. жарияланған «Военно-статистическое обозрение киргизской степи Западной Сибири» деген ресми құжатта, мал шаруашылығы қырғыздардың саудасы мен өнеркәсібінің бастысы бола тұра, олардың мұқтажсыз тамақтануының жалғыз –ақ тәсілі. Ауқаттыларының табындарында кейде 7 мың жылқы, 500 түйе, 400 ірі қара, 3 мың қойлар мен ешкілерден тұрады.

1768-1774 жж. 2 академиялық экспедицияның қатарында батыс және солтүстік Қазақстанды барлаған И.П.Фальктің, П.С.Паластың, И.Г.Геогри, Х.Барданес жергілікті халықтың жылдың әр мезгілінде жайылымдарды тиімді пайдалануын, көші-қонудың маршруттарын суреттеген.

И.П. Фальктің айтуынша, қазақтар жылқыны басқалардан артық көреді, жылқылардың тұқымдары әлдеқайда күштірек, уйірлері сансыз көп болды» десе, А.И.Левшин «далалық қазақтардың аттары керемет төзімділігімен ерекшеленеді» десе, Г.В.Кравцовтың айтуынша «жылқылар қазақтар үшін бағалы ет,май, сүт беретін азық малы да болды» деп оның сүтінен -қымыз, терісінен- ыдыс-аяқ, белбеу, қамшы, сіңірінен- ер тоқымдар, етіктер, сүйегінен- қара май мен сүйек май, дәрі қотыр мен қышыма ауруына және сабын алғанын баяндаған.

Сонымен қатар, қазақтардың аңшылық және балық шаруашылығы П.С.Паластың, қаракөл шаруашылығы туралы И.Г.Геогри айтып өтті.

17 ғ. 90 жж. Тәуке ханға елшілікке барған елшілер В.Кобяков мен Ф.Скибин хан елінде астық көп шығатынан. Бидай, арпа, тары және күздік пен жаздық бидай егетінін айтып өткен.

П.С.Паллас қазақтардың тоқымашылық, киіз басу, теріні илеу, бояу туралы толық мәліметтер берді, 18 ғ. соғында Орта жүз қазақтарының өмірін сипаттаған И.Г.Андреев «талдан жасалған киіз уй» туралы айтса, М.Медведский көшпелі өмірге лайықталған

Қасым төре бастаған халықтық қозғалыстың басталған кезі деп есептелінеді.

Қасым төренің 12 болысты басқаратын он екі ер жеткен ұлы бар болатын, олардың әрқайсысының қарамағындағы 500 шаңырақтан төлеңгіттері болды.

1825 жылдың көктемінде Абылай ұрпақтарының ықпалы күшті болған Орталық Қазақстанда үкіметке қарсы толқулар басталды.

1825-1836 жылдары Саржан Қасымұлы бастаған көтеріліс болды. Көтерілісшілердің элиталық құрамы қашқын орыстар, татарлар қосылып, барған сайын интернационалдық сипат ала түсті; халық қозғалысы қамтығын аудандарда ара-тұра Қоқан, Хиуа хандықтарының, Бұхара әмірлігінің өкілдері болып тұрды.

1831-1831 жылдың басында Батыс Сібірдің генерал-губернаторы жергілікті жағдайларды ескере отырып, әр түрлі бағыттарда қимыл жасап, Саржан ауылдарының керек-жарақтарымен, мал-жанымен қоныс аударатын немесе өкімет орындарына берілуге мәжбүр ету үшін мұқият жабдықталған бірнеше шағын топтарды аттандырды. Мұрағат құжаттарында оның негізгі күштерінің талқандалуымен аяқтала жаздаған қиын жағдайлардың бірі айтылды.

Патша отрядтары ығыстырған Саржан қоқан билеушісінен қолдауын үміттеніп Ұлы жүз шегіне көшіп барды. Саржан Ташкент билеушісінің қолынан 1836 жылы зұлымдықпен өлтірілді. Сұлтанның, оның атақты інілері Ержанның, Есенгелдінің, сондай-ақ оған еріп барған басқа да атақты қазақтардың қаза табуы азаттық күрестің одан әрі өрістеуіне әсер етті. Оның күресін әрі қарай жалғастырушы Қасым төрінің ұлы Кенесары болды.

XIX ғасырдың II жартысында Кіші жүздегі Бөкей ордасында қазақ халқына экономикалық қысым еселене түсті, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қалыптың маңызды жақтары күрт қиратылды. Астрахань губенаторының үйінде тәрбиеленген Жәңгір хан далаға кейбір салт-дәстүрден бастап, жер қатынастарын, салық саясатын және хан сарайын қоса, хандықтағы қоғамдық тұрмыс пен саяси құрылысты қайта құрудың «аристократиялық-өркениетті» жоспарларын ойластырып оралды. Ол өзіндік салт-дәстүрі бар жартылай көшпелі қазақ қоғамының негізінде хан билігі мен патша тағының саясатына бірдей дәрежеде құлақ асатын, өзінше бір «сауатты» аймақтық хандық құруды ойластырды. Алайда көшпелі және жартылай көшпелі қауымдар ханның бұл «жаңалықтарын» қабылдауға әзір емес еді. Хан билігі зор табандылықпен жүргізген саясат хандық және отаршылдық езгінің күрт күшеюіне, ауылдық-қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына әкеп соқты. Осының салдары ретінде ол шаруашылық өмірдің мықтап бұзылуын, ауылдық ұжымдардың экономикалық әлеуетінің құлдырауын, жоқшылыққа

бөлігі Кенесары Қасымұлы басшылық еткен азаттық қозғалысқа арналады. Қорытындысында автор Қазақстандағы 20-40 жылдардағы оқиғаларды жинақтап, олардың жалпы Орта Азиядағы қазақ халқының содан кейінгі тағдырына жасаған ықпалын анықтап берді. XX ғасырдың 50-жылдарының аяғы- 60 жылдарының басында Кенесары Қасымұлы көтерілісіне көзқарас түбегейлі теріс бағытта болды. Тұтас алғанда, көтеріліс феодалдық-монархиялық деп танылды, ал зерттеу авторы ұлтшыл деп айыпталып, қуғынға түсті. Көтеріліске ғылыми ден қоюшылық 90 –жылдарда қайтадан жаңарды. 1990 жылы 27-28 шілдеде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты мен «Вопросы истории» журналының редакциялық алқасы «Отаршылдық жағдайындағы ұлттық қозғалыстар» проблемасы бойынша ұйымдастырған Бүкілодақтық «Дөңгелек стол» нысаналы түрде өткізілді.

Отаршылдыққа қарсы көтерілістерді зерттеуде мұрағат құжаттары да қолданылды. Мұрағатшылар Исатай Таймановтың патша мен ханның билік орындарымен көтеріліс кезеңіндегі өзара қатынастарындағы жеке рөлі көрсетілген бірнеше құжат жарияланды. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы «Қазақ халқының Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық күресі» (А., 1996) деген құжаттар жинағы жарық көрді. Онда 1837-1855 жылдар кезеңіне қатысты материалдар мен құжаттар жинақталып, археогеографиялық тұрғыдан баяндалған.

Орта жүздегі патша үкіметінің реформалары, оның ішінде Бөкей ханның иелігіндегі-Қарқаралыда, Уәли ханның иелігіндегі-Көкшетауда округтердің құрылуы – Орта жүзбен Ұлы жүздің түйіскен қазақ жерлерін отарлауды тездеті түскен әскери-әкімшілік шара болды. Байырғы халықтар Сібір қазақтарының 1822 ж. Жарғысын- қазақ мемлекеттілігінің тіршілік етуіне төнген, зардабы ұзақ қатер деп білді.

Округтер приказдарының құрылуына қарсы алғашқы наразылықты 1825 ж. 14 маусымда Қасым сұлтан білдірді, ол Орынбор әскери губернаторы П.М. Капцевичке арнап хат жолдап, жаңадан құрылған округтік приказдарды таратуын талап етіп, өз болыстарының әкесі Абылай ханның тұсында қалай өмір сүрсе, дәл солай, өз ғұрыптары бойынша құруына рұқсат сұраған болатын. Кейінгі өтініштері әскери – тірек базаларын құру үшін дала кеңістігіне тереңдей енуді тоқтату, шаруалардың қоныстандырылуына кедергі жасау мақсаттарында болды.

1826 ж. 18 сәуірде жолданған хатында Қасым сұлтан ауылдарына кенеттен шабуыл жасаған 350 адамнан тұратын жазалаушылардың әрекеттері туралы хабарлаған болатын, бірақ бұл Орта жүздегі хан тағына мұрагер Ғұбайдолла сұлтанды қолдаған қозғалыспен, Саржан сұлтан бастаған көтерілістің кең құлаш жоюымен сәйкес келді. Және бұл мерзім Кенесарының патша әскеріне қарсы қимылды бастаған күні болды. Сонымен, 1825 жылдың сәуірі 1822 ж. Жарғының енгізілуіне қарсы,

баспанасынойлап тапқанына таң қалса, И.Г.Андреев ыдыс жасайтын станогының болғанын таңғала жазған.

И.С.Гуляев «Известия Географического общества» журналының 1871 ж. санында «Соленое озеро Карабаш в Киргизской степи» деген мақаласында тұз саудасы туралы баяндалған. Мақалада тұзды Қарқаралы, Сергиополь, Қапал, Семей, Өскемен, Павлодар т.б. бекіністерге, Қытайға, Баянаулаға апарып сатады. Карабаш өзенінен Өскеменге дейінгі жол- «тұзды жол» деп аталған. Жылына, орта есеппен 1 млн пұт қазылып алатына айтылған. Орыс тарихшысы С.М.Соловьев Ұлы жібек жолымен өтетін транзиттік сауданың орыс мемлекеті үшін өте маңызды болғанын атап өтті.

Қазақ қоғамы туралы «ак сүйек» пен «кара сүйек» туралы И.Г.Андреев, И.П.Фальктің, П.С.Палластың, П.И.Рычков т.б. еңбектерінде кездеседі.

XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы экономикалықжай-күйін сипаттайтын материалдар соның алдындағы дәуірлердің деректерімен салыстырған кезде шаруашылықтың дамуы көп жағынан физикалық (физикалық-географиялық орта, қуаңшылық және т.б.) факторларға да, саяси (саяси бағдардың ауысуы, көршілердің шабуыл жасауы, әр түрлі соғыстар және т.б.) факторларға да тәуелді болғанын көрсетеді.

XVIII-XIX ғасырдағы шаруашылық дамуының негізгі сыртқы өлшемдері мынадай ерекшеліктерден көрінеді. Біріншіден, соның алдындағы дәуірлерден айырмашылығы жер қатынастары жүйесінде көшпелі қауымдар анықталуының үдемелі үрдісі жүріп жатты, қазақтардың отырықшылану үрдісі күшейеді. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде оңтүстікте қалыптасқан шаруашылық күйзелісі («Ақтабан шұбырындыға» байланысты) содан соң Солтүстік-батыс және Солтүстік Қазақстан аумағында да таралды. Қазақтардың шаруашылығының даму сарыны айырбас саудаға негізделді. Шаруашылық қызметтің кешенді белгілері 1697 жылы Қазақ хандығында болып қайтқан Ф.Скибин мен М.Трошин елшілігінің материалдарында баяндалған. Онда Түркістан қаласына жақын 20 астам қала бар екені, олар дуалдармен қоршалғандықтарын жазған. Табын руының батыры Бөгенбай Ташкент, Сайрам, Түркістан, оларға қарайтын қалалар мен кенттер болғанын және оларға қырғыз-қайсақ хандары мен ақсақалдары иелік еткенін баяндаған. П.С.Паллас «қазақтардың байлығы мал шаруашылығынан тұрады» десе, И.Фальк дерегі бойынша Орынбор қаласындағы айырбас айналымында қазақ малы елеулі орын алатынын, Георги қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығын суреттей келе, сиыр малын жақыннан бері ғана өсіре бастағанын жазған.

1755 жылы Сыртқы істер алқасы Сібірдің өкімет орындарына қазақтардың ішкі аумаққа, яғни Ертістің оң жағасына шығуын мүлде тыюды ұсынды. Кейін 60-жылдардың орта шенінде, Ертіске 10 шақырымнан артық жақындап баруға мүлде тыйым салынды. Ресейдің экспансиясы қазақтарды ушықтырып, кері жауап беру әсерін тигізді, олар бұл аумақта ресейліктердің болуын мойындағысы келмеді.

Қазақстанға тауар-ақша қатынастарының неғұрлым жеделдете енуіне, өнеркәсіп пен қалалардың дамуына, егіншілік пен шөп шабудың таралуына, мал шаруашылығының рынок жағдайлары мен талаптарына бейімделуіне қарай шаруашылық өзгерістер үшін алғашқы жағдайлар қалыптасты.

Қазақ жерлерін Ресейге қосуды тездетуге байланысты стратегиялық міндеттерді шешу, жақын рыноктарды іздеу және сыртқы сауданың дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастырды. Әскери-тірек пунктері ретінде құрылған Орск, Орынбор, Петропавл, Семей, Өскемен т.б. басқа бекіністер мен қалалар сауда байланыстарын кеңейтуде маңызды рөл атқарды. Сол кездегі Қазақстанның тарихи-географиялық жағдайлары себепті екі сауда орталығы: бір жағынан солтүстік-батыста Орск, Орынбор; екінші жағынан Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл, Ямышевск, Железинск т.б. құрылып, шектес елдермен сауда да солар арқылы жүргізілді. Оңтүстік Оралдың аса ірі экономикалық орталығы ретінде Орынбор қаласы маңызы артты. Орынбор өлкесіндегі айырбас сауданың негізгі түрі мал мен астық болды. 1745-1759 жж аралығында қазақтар Орынборға 49 697 жылқы мен құлын, 238 өгіз, 195 447 қой, 774 ешкі әкелді. Н.И.Рычковтың деректері бойынша, айырбастау үшін қазақтар жыл сайын 30 000-нан 50 000 –ға дейін қой, 10-15 мың жылқы айдап апарып отырған. Айырбас сауданың ұлғаюына қарай үй малына жаңа тарифтік баға қалыптасты: өгіз-2 сомнан 4 сомға дейін, ешкі -30 тиыннан 60 тиынға дейін, қой 70 тиыннан сатылды, түйе 40 сомнан арзанға сатылмады. Қазақтар малға, мал терісі мен аң терісіне айырбастап барқыт, мәуіті, қамқа, жібек маталар, орамалдар, зер, кенеп әсіресе астық алған.

Қалаларда және шекаралық қоныстарда құрылған айырбас сарайлары, кедендер Қазақ даласынан, ішкі губерниялардан және шектес елдерден жылдан-жылға саудагерлер тартып, аймақта саяси ахуалды қалпына келтіруде елеулі рөл атқарды. Бекіністер арқылы сауда жасау қазынаға және азиялық саудагерлерге елеулі кіріс келтірді, номадтардың мануфактуралық тауарлар мен астыққа деген қажеттерін қанағаттандырды, сауда жасаушы тараптардың экономикалық мүдделерінің ортақ және жақын екенін көрсетті.

Қоғамдық еңбек бөлінісі мен қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жіктелу барысы қоғамдық міндеттерді жүзеге асырудағы

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994
6. Мырзахметов М. Қазақ даласы қалай орыстандырылды. А., 1993
7. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей, т. 1-3, 1832
8. Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ вв. А., 1961
9. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца ХУІІІ и первой половины ХІХ веков. А., 1960
10. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында А., 1992

10- дәріс. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар

1. Мәселенің тарихнамасы
2. Саржан Қасымұлы бастаған көтеріліс
3. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс
4. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс

ХУІІІ- ХІХ ғасырларда Қазақстандағы халық бұқарасының патша үкіметіне қарсы бірнеше наразылық қозғалыстары болды. Сол кезең әдебиеттерінде бұл оқиғалар тыс жұтаң көрсетілді. Негізінен алғанда олар-түрлі басылымдардағы үзік-үзік жарияланымдар. Бұл мәселелерге «Военный сборник» беттерінде едәуір көңіл бөлінді. Барлық жарияланымдарда олар «бүлік» деп түсіндірілді, ал көтерілістер басшыларының жеке басы автордың көзқарасына қарай түрліше сипаттама алды. Н.Середа, Н.Савичев, В.Потто, И.Аничков, П.Юдин т.б. мақалары соны дәлелдейді.

XX ғасырдың 30-жылдарында көтерілістер туралы арнаулы зерттеулер жазылды. Қарсылық қозғалыстарын зерттеуді алғашқылардың бірі болып А.Ф.Рязанов бастады. Ол Орынбордың мұрағат материалдарының мол көзімен танысып, ғылыми айналымға енгізді. Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы бастаған көтерілісі туралы М.П.Вяткиннің «Батыр Сырым» монографиясы (М., 1947) жазылды. Сонымен қатар, Е.Бекмаханов ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірі туралы зерттеу жазды (Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. А., 1947). Кітаптың басым

Ташкентті бағындыру Қоқанның Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуы басталғанын көрсетті. Мұндағы жағдай Әлім бектің ой-ниетіне қолайлы болды. Қазақ билеушілері арасында бірлік болмады. Түркістан қаласының билеушілері Бұхараның көмегімен бағдар алды, сол кезде сайрамдықтар Қоқанның жуырдағы одақтастары болатын: осыдан бірнеше жыл бұрын Ұратөбе түбінде Бұхара әмірі Хайдардың (1780-1826 жылғы қазан; 1800-1826 жылдарда билік құрды) Әлімбекпен ірі шайқас өтті. Түркістанның билеушілері Ибраһим сұлтан мен Қасым сұлтан және соңғысының балалары Қуатхан мен Тоқайхан әмір жағынан, ал 3-4 әскербасы бар 10 мың адамдық сайрам әскері Әлім бек жағында шайқасты. Онда қоқандықтар жеңіліс тапты, оның үстіне түркістандықтар сайрамдықтардың тас-талқанын шығарды.

Басқа бір қазақ билеушісі Әділ төре өзара қырқыстар себепті 10 мың отбасымен бірге туған жерінен мүлде кетіп, қытайлықтардың иеліктерінен пана іздеуге мәжбүр болды. Ташкентте ірге тепкен қазақтың Шыңғыс ұрпақтарына келер болсақ, олар кейіннен болған оқиғалардың көрсеткеніндей, бастапқы кезеңде Дешті Қыпшақта қоқан саясатын жүргізушілер болған.

Қоқан хандығының билеушілерін Әлім бек пен оның төңірегіндегілерді қазақ даласын жаулап алуға итермелеген қазынаны жаңа олжа көздерімен толықтыруға ұмтылыс болды. Осы арқылы «бұрынғы» өзбек шонжарлары мен негізінен таулық тәжіктер қатарынан құрылған «жаңа» әскер (бұл жауынгерлер гала-баһадүрлер деп аталды) арасындағы бақталастықты жұмсартып, олардың мүдделерін жаңа облыстарды басып алу мен отарлау үшін біріктіруге де ұмтылды.

Оңтүстік Қазақстанда қоқандықтар үстемдік еткен дәуірді шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі жаулап алудың басталуынан (1810) 1840 жылдардың басына дейінгі уақытты қамтиды және Қоқан хандығының гүлдену дәуіріне тұтас келеді. 1841-1842 жылдарда оның терең әлеуметтік-саяси дағдарыс кезеңіне аяқ басуымен Қазақстанның оңтүстігі үшін сынақтар мен сілкіністердің жаңа кезеңі басталып, ол 1865 жылы Ташкентті орыс әскерлерінің алуымен және бүкіл осы аймақтың Ресей империясының билігіне көшуімен аяқталды.

Бекіту сұрақтары:

1. Қазақ хандығының Қоқан және Хиуа хандықтарымен қарым-қатынасы қандай болды ?
2. Тентектөре бастаған көтеріліс кімге қарсы бағытталды ?
3. Оңтүстік қазақстандағы Қоқан үстемдігін неше кезеңге бөліп қарастыруға болады ?

одан әрі мамандандыруды туғызды және соның салдары ретінде номадтардың әлеуметтік қатынастары құрылымында ерекше институттардың қалыптасу үрдісіне әкеп соқты. Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен әлеуметтік топтарға бөлінуі сәйкес келмеді, кейде бір-біріне қайшы келіп отырды. Қазақ қоғамында әлеуметтік бөлінуіне тән ерекшелік индивидтердің «ақсүйек» және «қарасүйек» деп саралануы болды. Бірінші топқа аристократиялық екі сославие- төрелер мен қожалар жатты. Ақсүйектерге билер, тархандар, батырлар, ақсақалдар санаттары жатты.

Қауымның еркін мүшелерімен қатар, тәуелді халық санаттары-құлдар мен төлеңгіттер болды. Сұлтандар сославие-сінде қызметте жүрген адамдар төлеңгіттер деп аталды. Құлдар да тәуелді халық санаттарына жатты, олар тұтқынға түскен ресейліктер, қалмақтар мен ирандықтар арасынан алынды. Құлдар негізінен жеке қожалықта: мал бағуға, егісті өндеуге, дала ақсүйектерінің үй ішіндегі жұмыстарына пайдаланды. Алайда қазақтарда құлдық әлеуметтік-экономикалық қалып ретінде кең таралған жоқ және патриархаттық үй құлдығы шеңберінен шықпады.

Бекіту сұрақтары :

1. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығымен қай аймақ халықтары шұғылданды ?
2. Жаңа замандағы Қазақстандағы қалалар туралы не білесіз ?
3. Негізі сауда орталықтарын ата
4. Әлеуметтік жіктелу туралы не білесіз ?
5. Төлеңгіт деген кім ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Шаяхметов Н. XX - ғасырдағы Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Н. Шаяхметов. - Алматы : Эверо, 2014. - 348 бет
3. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ф.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ф.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
4. Сдықов М.Н. История населения Западного Казахстана (XVIII-нач.XXI в.) Алматы, 2004.
5. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 2. –Ақтөбе, Принт-А. -2006. - 524 б.
6. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (сборник материалов). –Ақтөбе, -2006
7. История Актюбинской области. -Ақтөбе, 2007, 698 с.
8. Ерефеева И. Родословная казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. – Алматы, 2003

9. Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000
10. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах ХУІІІ в. А., 1948
11. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1814 гг. - А., 1965
12. Калиева, К.С. Тарихнама. - Алматы: Ассоциация вузов РК, 2012. - 280с.
13. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- А., 1996.

5- дәріс. ХУІІІ ғ. 50-ші жж.- ХІХ ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстандағы саяси үрдістер.

1. Орта жүз бен Ұлы жүз аумағындағы биліктің нығаюы
2. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты
3. Сібір ведомствосының жүргізген саясаты

Орта жүз бен Ұлы жүз жегі жағдай аз уақыт тұрақтанған кейін ХУІІІ ғ. 40 жылдарының аяғына қарай тағы да шиеленісе бастады. Қонтайшы Галдан-Церен қайтыс болғаннан кейін Жоңғарияда саяси жағдай шиеленісе бастады. Қалыптасқан жағдайды пайдалануға қазақ даласының билеушілері де белсене араласа бастады. Орта жүз бен Кіші жүздің ресми ханы Әбілмәмбет болып қалғанына қарамастан, нақты билік ықпалды сұлтан Абылайдың қолына жинақтала берді. Үмбетей жыраудың толғауында Шарышты жеңгеннен кейін Абылай хан болды десе, Тәттіқара жырау Орта жүз ханы болғанын растаса, Бұқар жырау 25 жасында таққа отырды десе, ал М.Ж.Көбеев «Абылай ханның дәуірі» деген туындысында 48 жыл хан болғаны айтылады.

60-жылдардың аяғына қарай Абылай сұлтан Қазақстанның көпшілік бөлігінде жоғары билікті нығайтып алды. Орта жүз бен Кіші жүз оған толық бағынды. Кіші жүздің көптеген билеушілерімен ол әулеттік қыз алысып, қыз берісу арқылы туыстық жағынан байланысты болды. Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін 1771 жылы жалпы қазақ ханы болып жарияланды. Бұл біртұтас тәуелсіз Қазақ хандығын сақтауға жасалған соңғы әрекет еді.

Бүкілхалықтық мойындауға және үш жүздің ханы атағына қарамастан, Абылайдың билігі шексіз болған жоқ. Сұлтандардың едәуір бөлігі, әсіресе Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет ханның ұрпақтары Абылайды тақты заңсыз иеленді деп санады. Мысалы, Дайыр сұлтан 1781 жылы Орынбор губернаторына Абылай «ханның қадір-қасиетін мүлде әділетсіз иеленгенін, өзінің бала кезінде бауырларымен Түркістанда болғанын, хандықтың барлық әділеттілік бойынша өзіне

8. Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ вв. А., 1961
9. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца ХУІІІ и первой половины ХІХ вв. А., 1960

9- дәріс. Қазақстанның оңтүстігіндегі Орта Азия хандарының саясаты

1. Қазақтардың Ташкент иелігінің құрамында болуы
2. Қоқан және Хиуа хандықтарының соғыс экспансиясы
3. Оңтүстік қазақтарының жаулап алушыларға қарсы азаттық күресі

ХУІІІ ғасырдың аяғы- ХІХ ғасырдың басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай оның қалған бөліктеріндегі жағдайдан ерекше болды. ХІХ ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан ортаазиялық феодалдық мемлекет - Хиуа, Бұхара және ең үлкен дәрежеде - Қоқан экспансиясының объектісіне айналды. Қазақстанның оңтүстігінде олардың үстемдік ету кезеңі біршама аз уақыт аралығын (шамамен 1810-186 жылдар аралығын) алса да, бұл кезең - аймақтық Ресей империясына қосылуының тікелей алдында болған маңызды кезең. Оңтүстік Қазақстан өзін қазақтардың басқа облыстарынан сондайлық ерекшелендіретін сипатты белгілерге нақ сол кезде түпкілікті ие болған еді.

ХУІІІ ғасырдың аяғына қарай Орталық Азия шаруашылығының қалпына келтірілуі, осы негізде өсіп шыққан жетекші үш мемлекеттік құрылым - Бұхара әмірлігінің, Қоқан және Хиуа хандықтарының пайда болуы мен күшеюі жағдайды біртіндеп осы мемлекеттердің пайдасына өзгертті.

Ферғана тарихи жағынан да, географиялық жағынан да Қазақстанның оңтүстігімен тығыздық байланысты болды. Осында ХУІІІ ғасырдың басында, бастапқыда өзбектердің минг құрылымының үлесі ретінде пайда болған шағын Қоқан иелігі бірте-бірте, ХУІІІ ғасырдың аяғына қарай, солтүстік ферғаналық қожалардың жергілікті діни жетекшілерімен және басқа да рулық- тайпалық топтармен ойдағыдай күрес жүргізе отырып, бүкіл Ферғана алқабын өз билігіне біріктірді.

Қоқан экспансиясының келесі нысанасы - Ташкент болды.

Жоңғарлар қуып шығарылғаннан кейін Ташкент иелігінде шамамен 1792 немесе 1794 жылға дейін қазақтардың шынғыс ұрпақтары, ең алдымен Абылай хан билік етті. Ташкент пен оның аймағын Абылай хан қазақ рулық топтары арасында былайша бөлді. Шымкент - Шымыр руына тиді. Төрт бөліктен – Қоңырат және Орта жүз, жаныс, сіргелі, ысты және ошақты арасында бөлінді. Олардың арасында Ташкентте билік күшейту жолында үнемі күрес жүріп жатты.

Қазақстан аумағы ХҮІІІ ғасыр бойында және ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Ресей армиясының тұрақты және тұрақты емес бөлімдері орналастырылды.

Бұл орыс-казак шекарасының бүкіл бойында ғана емес, казак даласының терең ішкі өңірінен де құрылды. Осы сансыз көп әскер және казак бөлімшелері Ресей империясы оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Солдаттар мен казактар көптеген әскери және құрлысшылық міндеттер атқарды. Патша үкіметі оларға жердің жақсысын берді, казактар мен солдаттар бекіністер, станциялар мен қалалар салу кезінде жұмыс күші ретінде кеңінен пайдаланылды. Алайда осынау зор және қымбатқа түскен барлық шаралардың саяси мағынасы мүлде тереңде жатты.

Ресей идеологтарының ойлары бойынша, патша өкіметі казак даласының шет аймақтар мен терең ішінде берік және біржола орнығып алды. Қаржы шығындарымен және қаншалықты дұрыс екендігімен санаспай, империялық идеялар өзге ой-пікірлердің бәрінен де басым түсіп отырды. Мұның бәрімен бітпейді. Қазақстан аумағына әскер орналастыра отырып, патша өкіметі Орта Азияға қарай ілгерлеу үшін алғы шеп дайындады және ең соңғысы, тегінде, ең бастысы-тұрақты бөлімдер мен казак әскерлері казак халқының сан-сезімін тұншықтыруға және ұлт-азаттық қозғалыс күштерін талқандауға арналды. Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы басшылық еткен көтерілісті басып-жаныштауда нақ солай болды, Кенесары Қасымов бастаған казак халқының күрес жылдарында да нақ солай болды, басқа көптеген жағдайларда да нақ солай болды.

Бекіту сұрақтары :

1. 1822 жылғы жарғының басты мақсаты қандай ?
2. Қазақ жерінде әкімшілік басқару жөнінде қандай өзгерістер болды?
3. Әкімшілік аумақтық бөліністе қандай өзгерістер болды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А., 1994
6. Мырзахметов М. Қазақ даласы қалай орыстандырылды. А., 1993
7. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей, т. 1-3, 1832

тиесілі» екенін жазған. Хан билігіне наразы болған кейбір рубасылар оны тіпті әскери күшпен құлатуға тырысты. Дағдылы құқықпен шектеулі Абылай, Ш.Уәлихановтың айтуынша, сұлтаннар мен рубасылардың бетімен кетуінен ауыздықтауға ұмтылды. Абылайдың орасан зор беделі қазақтарды ханға бағынышта ұстады. Абылай өзгерген сыртқы саяси жағдайда аман қалу үшін Қазақ хандығының саяси жүйесін көбірек орталықтану жағына қарай өзгерту қажет екенін өте жақсы түсінді. Оған жету үшін бірнеше бағытта әрекет жасады. Ең алдымен биліктің орталықтандырылуын нығайтуға ұмтылды.

Сыртқы саясатта Ресей мен Қытай сияқты күшті мемлекеттерімен қатынастарының Орта Азия мемлекеттерімен қатынастарынан едәуір айырмашылығы болды. Отаршыл империялардың күш-қуатын өте жақсы ұғынған хан, бір жағынан, Ресей протекторатын танудан бас тартпай, екінші жағынан, өз иеліктерінде екі державаның да ықпалы күшеюіне жол бермей, олармен қатынастарда барынша икемділік көрсетуге тырысты. Өз иеліктерінде агрессияшыл көршілерінен осылайша қауіпсіздендіріп қана қоймай, жекеленген пайда келтіруге тырысты. Мәселен, 1772 жылы ол Ресейден өзінің сыртқы және ішкі жауларына қарсы күресу үшін тағы да әскер сұрады.

Абылай ханның ХҮІІІ ғасырдың 70-жылдарындағы сыртқы саяси қызметі Қазақ мемлекетінің бірлігін уақытша қалыпқа келтіруге, оның халықаралық аренадағы жағдайының нығаюына жеткізді.

Орта жүздің көптеген билеушілері ХҮІІІ ғасырдың 30- 40 жылдарында-ақ Ресей протекторатын қабылдағанына қарамастан, олардың бағынуы нақты болмады. Қазақстанның шекарасында күшті әрі агрессияшыл Цин империясының пайда болуы күрделі саяси жағдайдың тууына және қазақтардың Ресей империясының протекторатында ұстау шекаралық өкімет орындарының негізгі органдары үш бағытта: аумақтық экспансия, дипломатиялық амалдар және сауда-экономикалық байланыстар арқылы әрекет жасады.

1752 жылдың маусымында Утяцкая слободасынан Луцк және Вологда полктерінің драгундары мен Нотебург полкінің жаяу әскерлері, есіл казактары мен шаруалары, барлығы 2 мыңдай адам шықты. Бұл әскери экспедицияның 1752-1753 жылдар ішінде үш бекініс- Өулие Петр (Петропавл), Полуденный, Лебяжье бекіністері мен сегіз редут салуы керек еді. Жаңа бекіністердің бұған байланыс жасауы үшін почта бекеттерінің тізбегі құрылды.

Қазақ даласына үлкен отрядтың шыққаны туралы хабар үрей туғызып, халықтың көшіп кетуіне әкеп соқтырды. Жоңғар шабуылына ұшыраған Қазақ хандығы орыс әскерлеріне кедергі жасай алмады, Абылайдың аумақтан айырылуға көнуіне тура келді. Жерінен айырылған абақ-кереі, уақ, найман рулары қоныс аудары бастады.

Ресейдің экспансиясы Алтайда да бұрынғысынан неғұрлым күшейе түсті. 1752 жылдан бастап Оңтүстік Алтайдың, Ертістің жоғарғы ағысындағы, Үлбі, Бұқтырма және Нарын бойындағы жерлердің Ресейге қосылғаны туралы ресми түрде жарияланды. 1760 жылы Өскемен бекінісінен Телецк көліне дейін бекіністер салына бастады. Келесі 1761 жылы Өскеменнен Зайсан көліне дейін Бұқтырма шебінің бекіністері пайда болды. 1764 жылы Кузнецк-Колыван шебінің бір бөлігі Өскеменнен Тигерец форпостына дейін көшірілді. Сөйтіп, Қазақстандағы шекаралық шептің шығыс қанаты 60-жылдарда Ресей бекіністерінің бірнеше шебінен тұратын күшті бекіністі ауданға айналдырылды.

Бекіту сұрақтары :

1. ХҮІІІ ғасырдың 50 -жылдарында Орта жүз бен Кіші жүзде саяси жағдай қандай болды ?
2. Абылайдың өмір сүрген жылдарын ата
3. Абылай ханның ішкі саясатты қандай болды ?
4. Абылай ханның сыртқы саясатта қандай елдермен байланыста болды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Шаяхметов Н. ХХ - ғасырдағы Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Н. Шаяхметов. - Алматы : Эверо, 2014. - 348 бет
3. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ғ.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ғ.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
4. Ерефеева И. Родословная казахских ханов и кожа ХҮІІІ-ХІХ вв. – Алматы, 2003
5. Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000
6. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах ХҮІІІ в. А., 1948
7. Моисеев В. Джунгарское ханство и казахи. -А., 1991
8. Калиева, К.С. Тарихнама. - Алматы: Ассоциация вузов РК, 2012. - 280с.
9. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- А., 1996.

6 -дәріс. ХҮІІІ ғ. аяғы мен ХІХ ғ. басындағы отаршылдыққа қарсы күрес

1. Нұралы хан тұсындағы Кіші жүз
2. Қазақтардың Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы
3. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

қамтыды, қазақ қоғамы ішіндегі, ең алдымен патшалық өзгерістерді, негізінен, қиналмай қабылдаған шеп маңайындағы ауылдар арасындағы және кең далада еркін көшіп жүріп, көшпелі тәуелсіздіктің ең берілген жақтаушылары ретінде сұлтандардың, билердің ақыл беруі бойынша патшалық өзгерістерге көнбегендер арасындағы онсыз да өткір қайшылықтарды тереңдетіп, Кавказдағы, Еділ бойының түркі тілдес аймағындағы және далалық табиғи ландшафты реформаның іске асырылуын белгілі бір дәрежеде қиындатқан Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы оппозицияның топтасуын күшейте түсті.

Қазақстан аумағы Ресейдің қарулы күштері тұрақты және тұрақты емес әскелерінен тұрды. Олар екі әскери құрамаға біріктірілді. Жеке Орынбор корпусына- 23-жаю әскер дивизиясы, Орал және Орынбор казак әскерлері және башқұрт- мешеряк полкі кірді. Оның штабы – Орынборда болып, өлкенің генерал-губернаторы командирі болды. Батыс генерал губернаторына бағынған, корпусының штабы-Омбыда болған, Жеке Сібір корпусына-2 горнизондық батальон, Сібір шебінің казактары енді.

19 ғасырдың басында 19 форпост пен 5 бекініс болды. Олардың төменгі шебінде- 6 мың, жоғарғысында -7 мың казак болса, 1857 ж. төменгіде- 21 мың, жоғарысында -45 мың, Оралда 11 мың казак болды.

1810-1822 жж. –Новоилецк, 1835-37 жж.- Орынбор әскери шебінде- Жаңа шеп құрылды.

1845 ж. 7 қыркүйекте- Орскіден 120 шақырым жерде Бескопа шаткалының маңында- Оренбургск бекінісі (Торғай қаласы), кейін Уральск бекінісі бой көтерді.

1847- ж. Арал теңізі жағасында Райым бекінісі салынды.

2-дәрежелі бекіністер қатарына жатаны және Вован жүйесі бойынша салынған –Орынбор бекінісі- басты бекініс болса, Орск бекінісі – 3 дәрежелі бекініс болған.

Бекіністерде -130 зеңбірек, далалық бекіністерде-45 зеңбірек болды.

19 ғасырдың ортасында бүкіл Қазақстан жерінде: Жаңаөзен, Илецк, Уй, Новая, Новошимск(Горькая), Ертіс, Жем, Ақмола-Көкшетау, Сырдария шептерімен қоршап тұрды.

19 ғасырдың орта шенінде өлкеде жақсы қаруланған, машықтанған 3 казак әскері болды. Орал (1591 ж. құрылған) 1803 ж. 26 желтоқсанда патша 10 атты әскер полкі бар Орал казак әскері туралы Ережені бекітсе, Орынбор казак әскері 18 ғасырдың орта шенінде құрылса, 1840 ж. 12 желтоқсанда император І Николай «Орынбор казак әскері туралы» патшалық рескриптің бекітті.

1808 ж. 19 тамызда император І Александр Сібір казак полкін құру туралы жарлық шығарған болатын.

ауысуы шектелді, ол үшін «жергілікті бастықтардың рұқсаты талап етілді. Бұл жер алқаптарын пайдаланудың қауымдық-патриархаттық дәстүрлерін қиратуды білдірді. Енді қазақ ауылдарының көрші округ қоныстарына кірмей, өзінің округтік аумағы шегінде ғана көшіп жүруіне рұқсат етілді».

Жарғының 15-параграфынды округтердің жекелеген бөлімшілерін басқарудың жаңа тәртібі белгіленді: ауылдарды- ауыл старшындары, болыстарды-болыс сұлтандары, округтерді аға сұлтандар басқаратын болды. Бұл өзгерістер ерте кездерден бері әкімшілік пұрсаттылықтары болған Шыңғыс ұрпақтарының ықпалын әлсіретуге тиіс болатын; сонымен бірге болыстарды басқармайтын сұлтандар бұрынғы сославиелік артықшылығын сақтап қалды, дегенмен олардың округ бөлімшелерін басқару ісіне «араласуына» қатаң тыйым салынды.

Аға сұлтандарға зор құқықтар берілді, оның басшылығымен округтік приказда өтілетін отырыстарға облыстық бастық тағайындайтын ресейлік екі заседатель және сайланып қойылатын екі «құрметті қазақ» қатысуға тиіс болды.

Бақташылық өмірді жою, жер жыртуға көшуді көтермелеу маңызды бола бастады, осыған сәйкес отырықшылыққа көшкендерге 15 десятина жер беруге рұқсат етілді, сұлтандар үшін 3 есе, старшындарға 2 есежер алуға мүмкіндік берілді.

Сонымен қатар жаңа міндеткерліктер мен салықтардың жаңа санаттары енгізілді.

329 параграфтан тұратын Жарғының қазақ тіліне аударылған мәтіні көп ұзамай ауылдарға таратылып жіберілді. Алғашқы екі округ пен приказ ашылатын аймаққа марқұм Уәли ханның Көкшетаудағы қоныстары мен бұрынғы Бөкей ханның Қарқаралыдағы ауылдары таңдап алынды.

Барлығы 7 округ ашып, кейін олардың саны 8-10-ға дейін жеткізу көзделді, мақсат одан әрі Орта Азия шебіне шығу болатын.

Алғашқы сыртқы округ- Қарқаралы округі 1824 ж. 8 сәуірде ашылды. Оның құрамында 20 мыңдай шаңырақ, шамамен 6 мыңға жуық ер-азаматтар болды.

1824 ж. 22 тамызда подполковник А.Григоровский Көкшетау округі мен приказын ашса, кейін 1825 ж. –Құсмұрын, 1826 ж.-Баянауыл, 1831 ж.- Аягөз, 1832 ж.- Ақмола округтері құрылды.

Орта жүзде хандық, феодалдық мемлекеттіліктің жойылуы, бір жағынан, қазақ қоғамының өзінде ішкі рулық талас-тартыстардың жалғасуы салдарынан, екінші жағынан, патша өкіметінің әскери-әкімшілік әрекеттерінің нәтижесі болды.

1822 жылғы Сібір қазақтары туралы жарғы, алғашқы патшалық реформа ретінде, бүкіл дәстүрлі билік құрылымын қиратып, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын

ХУІІІ ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында біртұтас және орталықтандырылған билік пен мемлекет проблемасы өткір қойылды. Билік иелері арасындағы түрлі топтардың үстемдік үшін күресі 1748 жылы Әбілқайыр ханның өлтірілуіне әкеп соқты.

1748 жылдың қазан айында Орынбор әкімшілігінің жәрдемімен Нұралы сұлтанды хан тағына сайлау өткізілді. 1000- ға жуық адам жиналды. Олардың арасында Кіші жүз бен Орта жүздің әр алуан руларының билері, батырлары, сұлтандары болды. 1748 жылдың аяғында Нұралы ханға жылына 600 сом мөлшерінде мемлекеттік айлық айлық тағайындалды.

Нұралының саяси қайшылықтары осыдан көрінді і- ол қазақ хандарынан бұл атаққа бірінші болып бекітілді, сондықтан да өзге қызметінде патша үкіметіне толық тәуелді болды. Нұралыны хан етіп сайлаған кезде сұлтандар мен ру ақсақалдары арасында пайда болған алауыздық ондаған жылдарға созылды, соның салдарынан ру шонжарларының Нұралы билігін шектеуге әрекет жасауы тыйылмады.

Нұралы тіпті Кіші жүздің өзінде әкесінің барлық иеліктерін сақтап қала алмады. Шектілер Батырды өздерінің ханы деп мойындады. Нұралының інілері Айшуақ пен Ералы тәуелсіз болуға ұмтылды. Сырдарияның төменгі ағысындағы қоныстарды иеленген Ералы өзін Нұралыға тәуелсізін деп сезінді.

Нұралы ханның ішкі жағдайы да тұрақты болмады. Оның беделі едәуір дәрежеде елдің ақсақалдарымен қатынастарға тәуелді еді. Хиуа мен Бұхарада қолдау көрсетпеді. Нұралының билігі мен иеліктері Жем мен Жайықтың арасында көшіп жүретін қазақтармен, байұлы және жетіру руларымен ғана шектелді. Нұралының патша үкіметімен көмегімен өз билігін нығайтқысы келді, екінші жағынан Ресей ықпалының күшеюіне қазақ қоғамының қарсыласуы ескерілді.

1756 жылы патша жарлығы шығып, қазақтар қыс кезінде Жайықтың батыс жағына мал жаюға тыйым салынды. 1759 жылдың қысында қазақтар Жайықтан өткенде, қалмақтар олардың 40 мыңдай түрлі малдарын тартып әкеттіп, соғыс жағадына әкеліп соқтырды. Осылайша қазақтар өздерінің ежелгі жерлерінен қуыла бастады.

Қазақ даласының батысында, солтүстігінде және солтүстік-шығысында патша үкіметінің бекініс шептері құрылды, олар қазақтардың көшіп жүретін аудандарын шектеді. Ежелгі жерлерінен қуылған қазақтар Жайық пен Ертістің оң жағасына өз бетімен өтуге мәжбүр болды. ХУІІІ ғасырдың 30-40 жылдары Верхнеицкіден Звериноголов бекінісіне дейін созылып жатқан Үй бекініс шебі салынды. Оның жалпы ұзындығы 770 шақырым болатын. нақ сол жылдары ұзындығы 930 шақырым болатын Ертіс шебі салынды. 1752-1755 жылдары жаңа Ертіс шебі салынды, оның

ұзындығы -662 шақырым болды. Олар қазақтардың көшіп қоныстарын шектеп тастады.

1742, 1755, 1756, 1765 жылдарғы толып жатқан заң актілері бойынша қазақтардың Жайық пен Еділ арасындағы, Есілдің, Тобылдың жоғарғы ағыстарындағы жерлерге, Каспий теңізінің солтүстік жағалауы бойына көшіп баруына тыйым салынды. Бұл жерлер қазақтарға берілді немесе мемлекеттік қор етіп тіркелді.

Қазақтардың Е.И.Пугачев көтерілісіне үн қосуына қазақ жүздеріндегі ішкі саяси жағдай да себеп болды. 1773 жылғы 6 қыркүйекте Е.Пугачев Кіші жүз ханы Нұралыға арналған қазақтарға манифесі жазылды. Онда жер, су мен азық-түлік т.б. беретінін жазды. Кейін 1773 жылы 20 қыркүйекте жаңа манифест арнады. Е.Пугачевтің алғашқы үндеулері мен манифестері қауымдар мен жүздерде қолдау тапты.

1773-1775 жылдардағы шаруалар соғысының оқиғалары Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының арасында үндестік тапты. Қазақ шаруалары шаруалар соғысының оқиғаларына тез арада үн қосып, онда өздерін белсенді түрде көрсетті. Бұл стихиялы бой көрсетулерден қазақтардың қазақ жерлерін отаршыл казактардан азат етуге ұмтылысы аңғарылды және ол қазақ халқының патшалық самодержавиеге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының бір арнасына қосылды. Бұл да оқиғалардың дамуында прогресшіл фактор болды. Сонымен бірге қазақ шаруаларының бой көрсетулері қазақ жүздеріндегі ішкі әлеуметтік қайшылықтарды ашып берді. Е.Пугачев бастаған көтеріліске Кіші жүз қазақтары үш кезеңмен: I кезең – 1773 жылдың қыркүйек айы- 1774 жылдың наурыз аралығы – үндеудің таралуы; II кезең -1774 жылдың наурызынан күз айларының соңғы апталарына дейін – халық жасақтарының жеке батырлардың туы астында шоғарлануы; III кезең – 1775 жылдың қыркүйегінен -1776 жылдың ақпанына дейін- көтерілістің біртіндеп басыла бастаған кезең бойынша қатысты. Ал, Орта жүз қазақтары бұл шаруалар соғысына қатысуы төрт кезеңнен тұрды. I кезең – 1773 жылдың қыркүйегінен 1774 жылдың сәуір айына дейінгі аралық – үндеудің таралуы; II кезең – 1774 жылдың сәуір- маусым айлары – Орта жүз жасақтарының Е.Пугачевты қолдауы; III кезең – 1774 жылдың жазы мен 1776 жыл аралығы – Орта жүз қазақтарының Ертіс пен Оңтүстік Сібірдегі әскери шептерге қауіп төндіруі; IV кезең -1776 жыл –көтерілістің жеңілу кезеңі болды.

1775 жылдың жазында Кіші жүз қоныстарында «Көзге көрінбейтін адам» немесе Көктемірдің пайда болуы туралы қауесет таралды. Патша үкіметі көрінбейтін адамды ұстау үшін біраз күш-жігер жұмсап, 1776 жылдың жазына қарай қозғалыс тоқтатылды.

1773-1775 жылдардағы шаруалар соғысының оқиғалары Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының арасында үндестік тапты, қазақтардың жерлерін отаршыл казактардан азат етуге ұмытылысы аңғарылды.

Жаңа реформаны әзірлеуді патша сол жылдардағы белгілі либералдық пиғылдағы қайраткер, өз дәуірінің аса білімді тұлғаларының бірі граф М.М.Сперанскийге жүктеді. Оның сан қырлы қызметінің өзегі Орта жүзде дәстүрлі хан мемлекетілігін жойған жаңа заң актілерін енгізу болды.

Аз зерттелген аудандарды неғұрлым толық зерттеу және жинақтап көрсету үшін М.М.Сперанский «Сібір жерлерін мәлім етуді» ұсынды. Бұл жазбаны жасауға болашақ декабрист Г.С.Батюшков белсене қатысты. Сонымен бірге ол Сібірді басқару туралы заң жобаларына бірқатар қосымша, түсіндірмелік бөлімдер: құрғақтағы жол қатынастары, этаптар құру, жер аударылған «бұратаналар», «Орта Орда даласына» орыс билігін тарту бөлімдерін әзірледі. Бұл жаңалықтар сақталып қалған жергілікті басқару жүйесін жоққа шығарып, шексіз-шетсіз дала құрылысын ресейлік губерниялық басқаруға біршама жақындатуға тиіс болды.

1822 жылығы 22 маусымдағы патша «Сібір губернияларына арналған мекемелер», «Бұратаналарды» басқару туралы жарғы, «Қырғыз-қайсақтарды» басқару туралы жарғы, Этаптар туралы жарғы, Жер міндеткерлігі туралы ережелер, Астық қорлары, шаруалар мен «бұратаналар арасындағы борышкерлік міндеттемелер туралы ережелер үшін негіз болған 10 заңды бекітті.

«Сібір ... мекемелеріне» сәйкес, азиялық Ресей 2 генерал-губернаторлыққа: орталығы- Тобыл болған Батыс Сібір, орталығы - Иркутск болған Шығыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Біріншісіне Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы облысы жатқызылды. Ресей бодандығында болған Орта жүз аудандары соңғысынның құрамына енгізілмекші болып ұйғарылды.

Орта жүздегі дәстүрлі мемлекеттілікті таратып, хан атағын «мүлде артық» деп жойып жіберген үкімет Сібір қазақтары туралы жарғыға сүйеніп, басқарудың жаңа нысанын енгізді. 3-параграфқа сәйкес, географиялық жағынан Оңтүстік-батыс Сібірді мекендеген қазақтар «көшпелі бұратаналар сославиесі» болып есептелді және тең құқықтарды пайдаланды, ал «сібір қазақтар елі» ең алдымен 1838 жылы Батыс Сібір қазақтарын шекаралық басқару құрылғанға дейін Омбы облысына бағынып келген сыртқы округтерден құрылды.

Өзгерістер қазақ руларының әкімшілік-аумақтық құрылымдарына қатысты болды: даладағы жаңа ұштаған - округ, болыс, ауыл бұрынғы рулық басқару жүйесін іс жүзінде жоқ етіп жіберуге тиіс еді. 5-параграф арқылы жаңа құрылым: ауыл-50-ден 70-ке дейін шаңырақ, болыс-10 ауылдан 12-ге ауыл, округ -15 болыстан 20 болысқа дейін болып белгіленді.

Жарғыдан округтерге тиесілі жер иеліктеріне меже енгізілді: оның үстіне 9-параграфпен көшпелілердің бір округтен екіншісіне өз еркімен

ХҮІІІ ғасырдағы тарихи жырлардың негізгі тақырыбы қазақтардың жоңғарлармен күресі болды. Халықтың ауыр қасіреті «Елім-ай» әнінде мәңгі қалды. «Қап қағылған», «Шаңды жорық» әндерінде ақындар Жаңатай, Баян батырлар басқарған көптеген қазақтардың шайқастарда қалай қаза тапқаны жайында айтылады.

Бекіту сұрақтары :

1. ХҮІІІ ғасырдағы материалдық мәдениет қандай деңгейде дамыды?
2. Қолөнер қандай дәрежеде болды ?
3. ХҮІІІ ғасырдағы атақты жырауларды ата
4. Музыка өнерінің дамуы қандай болды ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3 том.- А., 2010
2. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. А., -М., 1935, т.1.
3. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг), А., 1984
4. Ерофеева И.В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема. -А., 1990
5. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. -А, 1994

8- дәрiс. Қазақстанға Ресей әкiмшiлiк-саяси жүйесiнiң енгiзiлуi

1. 1822 жылғы «Сiбiр қырғыздары туралы жарғы»
2. Орта жүзде хан билiгiнiң жойылуы
3. Әкiмшiлiк-аумақтық құрылыстың жаңа жүйесiнiң енгiзiлуi

1781 ж. Абылай қайтыс болғаннан кейiн оның ұрпақтары арасында кикiлжiндер туындады, 1795 ж. 2 сұлтан, 19 ақсақал, 122 360 қазақ II Екатеринаға Уәлидi тақтан тайдыру туралы өтiнiш жiбердi.

Патша үкiметi хандықты әлсiрету мақсатында Орта жүзге екiншi хан етiп Бөкей сұлтанды тағайындаған болатын.

Ресейдiң әкiмшiлiк-аумақтық басқару нысанына жақын басқару нысананың болмауы, Шыңғыс ұрпақтарының хан билiгiнiң сақталуы үкiметтiң iс-қимылын әлдеқалай тежеп отырды. 1817 жылы - Бөкей хан, ал екi жылдан соң Уәли қайтыс болды. Петербург бiр жақты қадамға - Орта жүзде ендi хан тағайындамауға және оның үстiне, оларды «Бүкiл әлемдi Ұлы тiтiркентушiнiң»- Шыңғыс ханның заманына барып тiркелетiн ертедегi ғұрып бойынша сайламауға бел байлады.

Ресей билiгi таратылған аудандар жоғарғы билеушiсiз қалып, нақты билiктiң қандай нысаны да болмаған ерсi жағдай орын алды. Хандық ықпалды сұлтандармен көзбе-көз келiспей немесе алдын ала келiссөз жүргiзiлмей, iс жүзiнде жоғарғы жақтан жойып жiберiлдi.

Әбiлқайыр хан Ресей бодандығын қабылдағаннан кейiн Кiшi жүздiң көшiп жүретiн қоныстары орналасқан көптеген аудандарда аймақтың әлеуметтiк-экономикалық және саяси өмiрiнде үлкен өзгерiстер орын алды. Ресей империясының отаршылдық енуi барған сайын күшейе түстi. Қазақ руларының Жайыққа, Жайық қалашығы мен бекiнiстерге жақын жерде көшiп жүруiне тыйым салу туралы 1742 жылғы 19 қазандағы жарлық дамытылып отырып, империяның өлкедегi отаршылдық үстемдiгiн нығайту жөнiнде жаңа актiлер қабылданды. Мәселен, 6 қарашада казактарға қазақтардан адамдары мен малын өз бетiмен тартып алуға рұқсат еткен Жарлық қабылданды. Ол 1760 жылғы 18 шiлдедегi шешiмiмен толықтырылды, онда адамдар мен малды ендiгi жерде жалғыз-жарымдап жүрiп емес, «топ жиып» барып қолға түсiруге рұқсат етiлдi. Пугачевтiң көтерiлiсi басып-жанышталғаннан кейiн 1775 жылғы 25 шiлдеде Орынборда күдiк келтiрген кез келген қазақты ұстауға ресми түрде рұқсат етiлдi, ал 1779 жылғы 4 қазанда белгiлi бiр қазақ iстеген тәртiп бұзушылық немесе қылмыс үшiн кез келген қазақты ұстап алуға өкiм берiлдi.

1783 жылға қарай елде жағдай шиеленiсiп кеттi. Ел iшiнде тама, алшын, т.б. рулардан жасақтар құрыла бастады. 1782-1783 жылдың қысында жұт болып, 10 000 –нан астам жылқы мен сиыр қырылды.

Сонымен қатар, казактар iшкi жаққа көшiп барған қазақтардың 4000 жылқысын айдап кеттi. Ал, өкiмет органдары 4000 сом мөлшерiндегi шығынның орнын толтыруға өкiм бердi. Қазақтар қарсылық ретiнде бекiнiстер мен редуттарға шабуыл жасап отырды. Мұндай бас көтерулер жаппай сияпт ала бастады. 1784 жылы қараша айларында Сырым 1000 адамнан тұратын жасақ жинады.

1783-1797 жылдары аралығында Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерiлiстiң жеңiлуiне сұлтандармен мәмiле жасасқан билер мен ақсақалдардың сатқындығы, көтерiлiс басшыларының, атап айтқанда Сырымның солқылдақтығы мен жалтақтығы себепшi болды. Оның үстiне патша үкiметiнiң Жайық пен Едiл арасындағы жайылымдарды уақытша пайдалануға рұқсат етуi жайылымдар туралы мәселенiң өткiрлiгi уақытша бәсеңдеттi, көтерiлiс себептерiнiң бiр маңызды мәселесiн алып тастады. 1783-1797 жылдардағы халық бұқарасының күресi қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол хан билiгiнiң негiзiн шайқалтты, оның беделiн түсiрдi және сол арқылы оның бiржолата жойылуына себепшi болды.

Бекiту сұрақтары:

1. Нұралы қай жылы хан болып сайланды ?
2. Нұралы кезiндегi Кiшi жүздiң iшкi саяси жағдайы қандай болды ?
3. Қазақтар не себептен Е.Пугачев бастаған көтерiлiске қатысты ?
4. С.Датұлы бастаған көтерiлiстiң тарихи маңызы қандай ?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том.- Алматы «Атамұра».-2010
2. Шаяхметов Н. ХХ - ғасырдағы Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Н. Шаяхметов. - Алматы : Эверо, 2014. - 348 бет
3. Қазақстан тарихы : Оқу құралы / Б.Ғ.Аяған, С.Ж.Дүйсен, Ж.Н.Қалиев және т. б. Жалпы ред. басқ.: Б.Ғ.Аяған. - Алматы : Атамұра, 2013. - 176 бет
4. Нурушева Г.К. Қазақстанның жаңа заман тарихы. - Костанай: КГУ им. А.Байтұрсынова, 2013.
5. Мейірбеков М. Қазақстанның жаңа тарихы. - Жетісай: Сырдария университеті, 2013. - 171с.
6. Сдықов М.Н. История населения Западного Казахстана (XVIII-нач.XXI в.) Алматы, 2004.
7. Батыс Қазақстан тарихы. 2 томдық. Т. 2. –Ақтөбе, Принт-А. -2006. - 524 б.
8. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей (сборник материалов). –Ақтөбе, -2006

7- дәріс. ХУІІІ ғ. Қазақстан мәдениеті

1. Қазақтардың ХУІІІ ғасырдағы материалдық мәдениеті
2. Тұрмыс-салт мәдениетінің дәстүрлері
3. Қазақ әдебиеті мен музыка өнері

Қазақтардың ХУІІІ ғасырлардағы мәдениетінің қоғамның экономикалық дамуы деңгейімен анықталды. Оның дамуы барысында көшпелі қазақтар экономикасының дамуындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы әсер етті.

Материалдық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі мал шаруашылығымен, егіншілікпен, үй кәсіпшілігімен және қолөнермен байланысты еңбек құралдары болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығына күрделі құралдары керек болған жоқ. Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды. Барлық құралдарды мал өсірушілер өздері жасап отырды. ХУІІІ ғасырдың аяғында қазақ даласында орыстардың қысқа шөп даярлауға арналған еңбек шалғылары біртіндеп тарала бастады.

Қазақтардың тұрмыстық және ғұрыптық мәдениет дәстүрлері күнделікті өмірде көрініп отырды. Бұл ислам дініне дейінгі, ертедегі әр түрлі ғұрыптар мен салттарға байланысты болды. Отпен тазарту

«аластау» түріндегі ертедегі отқа табыну қазақтар өмірінің әр түрлі қырларынан байқалды.

Жазғы жайлауға көшкеннен кейін «қымыз мұрындық» деп аталатын шағын той өткізген. Бұл құлындар мен олардың енелері аман, қымыз мол болсын деген тілекпен жасалған.

Ғарыштық түсініктер де маңызды рөл атқарды. Түнгі аспанды ежелден қадағалап келген қазақтар басқаларынан ерекше белгілерімен айрықшаланатын көптеген аспан денелерін білді, олар бойынша түн кезінде уақыт жағынан да, түнгі жол бағдары жағынан да нақты дерек ала білді. Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, Шолпан, Есекқырғын, Құсжолы, Сүмбеле, Үшарқар-таразы және т.б. осындай жұлдыздар болып саналды. Қазақтар үшін көк аспанның тәңірлік маңызы ерекше болатын. Қазақтық ғұрыптық мәдениет халық өмірінің барлық дерлік жақтарын қамтығаны, онда зор маңыз атқарғаны көрінді.

Қазақ жерлерінің Ресейге қосылған ХУІІІ ғасырдың орта кезінен бастап және әсіресе ХІХ ғасырда орыс ғалымдары мен қазақ зиялыларының жекеленген өкілдері ақындар, суармалы жыршылар, суармалы жыршылар, жыраулардың мәтіндерін жазып ала бастады. Ақындар мен жыршылардың кейбіреулері өз туындыларын жазып отырды.

Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын ХУІІІ ғасырдағы атақты жырау Бұқар Қалқаманұлының (1668-1781) бірнеше туындылары сақталған. Бұқар жырау осы күнгі Павлодар облысының Баянауыл ауданы аумағында туып-өскен. Бұқар жырау шығармашылығындағы өзекті тақырыптардың бірі - Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтжандылық. Өзге жыраулардың –Тәттіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш жыраулардың жырлары халық жадында сақталған.

ХУІІІ ғасырдағы ірі импровизатор ақыны әрі жырауы Тәттіқара еді. Ақын қатардағы жауынгер ретінде көптеген шайқастарға қатысты. Жорықтар кезінде туған толғауларында ол жауынгерлерді бостандық жолындағы күресте қандай да болсын қиыншылықтың алдында бас имеуге шақырды.

Ақтамберді (1675-1768) - негізінен эпикалық жанрда жыр толғаған жырау. Ол жырларында батырларды қаһармандық рухқа шақырады. Ақын өз заманындағы жас ұрпақты табандылық пен ерлікке шақырады. Ерлікке, жауынгерлік ержүректілікке үндеу, жаудан қаймықпай, батыл қарсы шабуға, оның алдында ешқашан шегінбеге үндеу - Ақтамбердінің бүкіл шығармасының арқауы.

Шал ақынның (1748-1819) шығармашылығы болған оқиғаға ақындық шабытпен сол сәтте үн қосумен сипатталады. Олар қазақ халқының тарихындағы жекеленген оқиғалармен байланысты. Онда арнау өлеңдер мен мысқыл өлеңдері көп. Шал шығармашылығының негізгі тақырыбы-адам өмірі оның мәні, мораль, этика, дін мәселелері.